Бекітемін:
ЖШС "Толағай-1"бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Е.Оңғарбай

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалған, кіші тобының 2023 - 2024 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру кешенінің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы *ЖШС «Толағай» балабақшасы*
Топ: "Балапан" *кіші тобы. Тәрбиеші:* Копабаева Тамара
Балалардың жасы: *2 жас*
Жоспардың құрылу кезеңі *:* ***2023-2024 оқу жылы .***

Мақсаты:

-жаз мезгіліндегі балалардың денсаулығын нығайтуда эмоциональдық, тұлғалық, танымдық дағдысын қалыптастыруда үлкендердің, ата-ана, қызметкерлердің
өзара бірлескен жұмысы болып табылады.
-бала денсаулығын сақтау мен нығайту;
-табиғи факторды пайдалана отырып шынықтыру;
-жеке тұлғаны қалыптастыру,эстетикалық тәрбиені жетілдіру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАУСЫМ	**Дене шынықтыру**	Дене жаттығуларымен айналысуға қызығушылықты және қажеттілікті қалыптастыру; Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. -әр баланың физикалық қабілетін көрсетуіне жағдай жасау; -балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалысын арттыру және психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; -ағзаның физикалық қызметін жан-жақты жетілдіру;

		- бала ағзасының жұмысқа қабілеттілігін шынықтырудың түрлері арқылы арттыру; - аурудың және балалар жарақатының алдын алу.
	Көркем әдебиет	Көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; дыбыстарды дұрыс айту, меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдана білу, ересектердің сөзін түсініп, өз ойын айта білу дағдыларын дамыту. Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап бере білу, кітаптағы суреттерді қарай отырып, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере білу, кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) ойын кезінде қайталау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру қарапайым жалпы қабылданған нормалар негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынасқа тарту. Қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу. өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; Түрлі бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоя отырып қарапайым композицияларды орналастырады және құрастыруға баулу. Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау . Әртүрлі түстегі және геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдарымен бөліктерді біріктіру арқылы жұмыс жасау дағдыларын дамыту.
	Сурет салу	Балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Түстерді ажыратып дұрыс атау. Өзінің салған суретіде не бейнеленгенін өз ойымен айта білу..
	Мүсіндеу	Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін игере отырып, мүсіндеудің қарапайым тәсілдерімен , кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу дағдыларын меңгеру. Дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстыру, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға, ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру.
	Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ШІЛДЕ	**Дене шынықтыру**	Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгере отырып, шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй қалыптастыру, қимылды ойындарды жақсы көңіл –күймен ойнауға жағдай жасау. бетін, қолдарын өз бетінше жуу, жеке заттарды қолдана білу, белгілі бір ретпен киініп шешіну үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын дамыту.
	Көркем әдебиет	Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атау. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.
	Құрастыру	Өз бетінше құрастыруға қызығушылық таныту, табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнай отырып, жұмыс соңында қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастыруға үйрету. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.

		Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, өз ойын жеткізе білу.
	Сурет салу	Қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгере отырып, бейнелерді парақ бетінде орналастыру, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Қағазға бастырмамен жұмыс істеу арқылы, заттарды безендіруге үйренеді. Балалар табиғаттағы шөп, гүл, ағаш туралы түсіне отырып, геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіре білу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.
	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, заттың мүсінін жасау. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.
	Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу,денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу қимылдарын дамыту.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ТАМЫЗ	**Дене шынықтыру**	Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Ересектің бақылауымен бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға, ойын әрекеттерін, қимыл белсенділігін қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.
	Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айту, таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдау, кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту.

Қоршаған ортамен таныстыру	Адам мен қоршаған орта үшін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерін қалыптастыру және ол жағдайларда әрекет етуге үйрету. Еңбекке баулу, өзінің еңбегін, басқа адамдардың еңбегін, оның нәтижелерін бағалай білуге тәрбиелеу; Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажырату, жануарлардың дене бөліктерін ажыратып атау және олардың мінез-құлқына, сыртқы түріне назар аудару дағдыларын дамыту.
Құрастыру	Кеңістіктік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді түзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір,төбешік) құрастыру дағдыларын дамыту. Заттың қандай бөліктерден орындалғанын анықтай отырып, үйшіктің, машинаның, жиһаздың құрылысындағы жетіспейтін бөлшектерін табу. Құрылыс материалдарын пішіні, көлемі бойынша топтастыру, тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атай білу.
Сурет салу	Қағазға саусақ арқылы сурет салуда балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту.Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салу, трафарет көмегімен қағаз бетіне затты ұқыпты түсіру. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, ермексазды илеу, домалақтау, созу тәсілдерін үйрету. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.
Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.

Бекітемін:
ЖШС "Толағай-1"бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Е.Оңғарбай

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *1- апта*

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

"Балапан" кіші топ.

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 03.06 – 07.06.2024ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Балаларды қабылдау . Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден саулығына назар аудару.* *Балалармен денсаулық туралы әңгіме жүргізу Медбикемен бірлескен жұмыс.* *Балалармен табиғат әлемі туралы әңгңме жүргізу.*				
Балардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейн	**Көңілді Жаз және жазғы ойындар**. **Мақсаты**: Балаларды жазда ойындарды әңгімелеп айтуға баулу	**«Алақай жаз!»** **Мақсаты:** Балалардың жаз мезгілі туралы білімдерін нығайту және тиянақ тау.	**«Жаз әндері»** **Мақсаты**: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу.	**Көлеңке не үшін керек?** **Мақсаты**: Өлі табиғат объектілері - су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін бекіту	**Күннің шуағы жылы** **Мақсаты** Табиғаттың сұлу көркіне балалардың қызығушылығын арттыру, бақылай білу дағдысын қалыптастыру.

елеу әрекеті, кітаптарқ арау және тағы басқа әрекеттер)					
Таңе ртең-гі гимнасти-ка	***Таңғы жаттығу кешені. Маусым айының 1-аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тіркелген*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғ ы ас	*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз***				
Ұйы мдастыры лған іс-әрекетке дайы ндық	*Достар , бері келіңдер,* *Қолдарыңды беріңдер.* *Шаттық толы шеңберге,* *Қуанышпен еніңдер!*	*Қуанамыз күлеміз,* *Бар әлемде сүйеміз.* *Қол ұстасып, қуанып,* *Достарымен бір жүреміз.*	*Күн жылуын аямасын,* *Шуағымен аяласын.* *Достық деген бәйтеректі* *Барлық бала саяласын*	*Достарым, кең тұрыңдар,* *Бақыт сонда ұғыңдар.* *Қол ұстасып , күліпдеп* *Шаттық шеңбер құрыңдар*	*Жарық болсын күніміз* *Жарқын болсын үніміз* *Елін сүйіп ер жетер* *Біз болашақ гүліміз*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдаст ырылған іс-әрекет	***Қызығушылықта рын ояту.*** ***Тосын сәт.*** *Музыка ойналады* *-Балалар, міне керемет. Сендер не байқап тұрсыңдар. Мынау не?* *-Балалар шарлардың түсі қандай? Қызыл, сары, жасыл.* *-Жарайсыңдар байқадыңдар ма бұл шарлар сиқырлы екен.* *-Балалар шарлар қай жерде тұр?* *-Біз оны қалай алсақ болады екен? Мүмкін сиқырлы шарларға саусақ жаттығуын айтып көрсек қайтеді.*	***Дид ойын: «Орман не үшін керек?»*** *Орман – құстар мен жануарлардың мекені.* *Орман бізді қатты және суық желдерден қорғайды.* *Орман бізге құрылыс материалдарын береді.* *Орман бізге таза су мен ауа* *береді.* ***Орман ережесі қалай сақтау керек?*** *-Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз* *-Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз.*	***Топтық жұмыс.*** ***Дид ойын: «Табиғат әлемі»*** *Шарты: Әрбір кестеде суретті жасауға қажеттінің бәрі бар: ватман қағазы, қоңыр және көк жолақтар, күн, ағаш, гүлдер және адам. Мұның бәрін мына шеңберге топтастырамыз.* *Не шықты?* ***«Табиғат» суреті шығады.*** ***«Табиғатты қорғау деген не?»*** ***Дид ойын: «Табиғатты аялайық»*** *Әр бала тірі табиғат түрлерін плакатқа жапсырып, табиғат*	***Хатты оқу.*** *Балалар мен суреттерді байқаусызда қиып алдым да, енді жанды және жансыз табиғаты бар суреттердің қайда екенін, адам жасаған дүниенің қайда екенін түсіне алмай қаладым. Маған көмек керек.* ***Ой қозғау*** ***Дид ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»*** *- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу* *- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау* *- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз?* *Су құю, қопсыту* *- Судағы*	***Қызығуш ылықты ояту.*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Табиғатт ың сәні,* *Таза ауаның нәрі.* *Көрік берген далама,* *Білер оны бар бала.* ***(Ағаштар)*** ***Сұрақ – жауап.*** ***Ой қозғау.*** *Ағаштар*

	«Саусақтар ойнайды» *Бала,бала,балапан,* *Қане,қайсы алақан,* *Саусақтарың әйбат,* *Былай-былай ойнат,* ***Музыка әуенімен шарлар төменге түседі.*** ***-****Балалар сиқырлы шарлармен бірге тапсырма келген екен.* *Тапсырмаларды орындаймыз ба?* ***1-тапсырма.*** *Қандай ән білесіңдер, ән орындаған баламен ойын ойнаймыз.* *Ой балалар шарларға арнап сылдырмақ әнін орындап берейік.* ***Музыка Тақырыбы: Ғажайып сылдырмақтар*** ***Музыка тыңдау:*** *«Сәби қуанышы» (Е.Хасанғалиев)* *– Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.* ***Қызығушылықты ояту.*** *Әуен аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аудару.* *– Мынау әдемі қорапта не бар екен? Келіңдер, бірге ашып көрейік,*	*-Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз.* *Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжіп қалады.* *Біз орманды қоқыстардан тазартып тұруымыз керек.* *Ол үшін шыныққан шымыр болу керекпіз.* ***Денешынықтыру.*** ***Кіріспе бөлімі:*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім****:* ***Жалпы даму жаттығулары жалаушамен, әуенмен*** ***Б.қ.: «Желбірейді жалау»*** ***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4 рет қайталау/* ***Б.қ.: «Әткеншек»*** ***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/* ***Б.қ.: «Кім***	*көрінісін бейнелей отырып әңгімелейді.* *Жасыл шөпті жұлуға болмайды, ол біздің жерімізге көрік береді.* *Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді. Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ.* *Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек.* *Көбелекті өлтірмеңдер, ол — әдемілік белгісі. Құсты атуға болмайды, құс — адамның досы. Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз.* *Қортынды* *Балаларды мадақтау.* ***Сергіту сәті.*** ***«Құм, тас, су».*** *«Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру.* *«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.* *Су дегенде толқын жасап қалу.*	*жәндіктерге қалай көмектесеміз?* *- Құстарға қалай көмектесеміз?* ***Бәріне көмектесу үшін біз қандай болуымыз керек?*** *Күшті, шыныққан, шаршамайтын болуымыз керк. Сол үшін жаттығу алаңына барамыз.* ***Денешынықтыру.*** ***Кіріспе бөлімі:*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім****:* ***Жалпы даму жаттығулары жалаушамен, әуенмен*** ***Б.қ.: «Желбірейді жалау»*** ***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4 рет қайталау/* ***Б.қ.: «Әткеншек»*** ***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/* ***Б.қ.: «Кім жылдам»*** ***3.*** *Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.* ***Б. қ.: «Жұлдызша»*** ***4.*** *Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде.*	*және орман туралы түсінік беру.* *- Сұрақ – жауап.* *-Қазір қандай мезгіл?* *-Мына жерде не көріп тұрсыңдар? (әр түрлі ағаштар)* *-Ағаштар бізге не үшін қажет?* *(ағаштар бізге таза ауа береді, жазда көлеңке болады)* *-Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?* *Орманда неше түрлі ағаш өседі.* ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар,* *Алдымнан жел еседі.* *Кіп-кішкентай ағаштар,* *Биік болып өседі.* ***Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам»*** *Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұялард*

	Педагог қораптан сылдырмақтарды алып көрсетеді. *Қызыл,жасыл сылдырмақ,* *Үн қатады сылдырлап.* *(Сылдырмақты алып, қозғап,ойнап көрсетеді)* *Сылдырмақты алайық,Әсем әнге салайық!* ***Ән айту. «Біз бақытты баламыз»(А. Айтуова)*** *Ән ырғағына сәйкес сылдырмақты бірге сілке қозғау. Әннің көңілді сипатын сезіне орындауға үйретуді жалғастыру.* *-Тамаша, сиқырлы шарлардың тапсырмасын жақсы орындадық.* ***2-тапсырма.*** *Ал, енді балалар мен сендерді үстел басына шақырамын. Сиқырлы шарлардың дайындаған ойыны бар екен.* ***Дид ойын: «Ойыншықтар»*** ***Шарты:*** *Ойыншықтар ішінен сылдырмақты табу* ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Балалар биі» (А. Майкапар)*** *Шарты: Екі бөлімді әуенге өз беттерінше қимылдарды*	***жылдам»*** ***3.** Аяқтарын алшақ қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.* ***Б. қ.: «Жұлдызша»*** ***4.** Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу* ***Б.қ.: «Көңілді жалауша»*** ***5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Ара ұшады»* *Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру.* ***Бастапқы қалыпқа келу.*** ***Қимыл-қозғалыс жаттығулары.*** *- Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде)* *-Допты екі қолмен төменнен лақтыру.* ***Қимылды ойын**:* ***Қояндар мен қасқыр*** ***Мақсаты:** Балалардың алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру.* ***Дид ойын: «Орманды тазартамыз»*** *Шарты: Берілген*	***Дид ойын: «Өлі және тірі табиғат»*** *Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу* ***Ой қозғау.*** *Қазір қандай мезгіл?* *Табиғатта қандай өзгеріс бар?* *Жазда күн ыстық болады. Жаз бойы балалар демалады. Жаз мезгілінде жеміс-жидектер пісе бастайды. Жаз мезгілінде айнала жасыл желекке еніп, әртүрлі гүлге толады.* ***Дид ойын: «Жаз көрінісі»*** ***Шарты:** А3 форматта жаз мезгілін құрастыру.* ***Тақпақ: Жаз*** *Жаз келді жадырап,* *Ойын-сауық құратын.* *Далаларға,тауларға,* *Саяхатқа шығатын.*	*Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу* ***Б.қ.: «Көңілді жалауша»*** ***5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Ара ұшады»* *Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру.* ***Бастапқы қалыпқа келу.*** ***Қимыл-қозғалыс жаттығулары.*** *- Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде)* *-Допты екі қолмен төменнен лақтыру.* ***Қимылды ойын**:* ***Қояндар мен қасқыр*** ***Мақсаты:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру.* ***Қорытынды:*** ***Балаларды мадақтау.***	*ы, құмырсқаның илеуін бұзуға, өрмекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйым салынғанын айтады. Адам орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожайынның үйін бүлдірмей өзін дұрыс ұстау ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс.* ***Сендер кішкентай ғалым болып, ағаш қасиеттерін білгілерің келе ме?*** *Ендеше эксперимент алаңына барамыз.* ***Тәжірибе №1.*** ***Батып кетеді, жүзеді .** Экспериментте рге арналған сиқырлы қорап* ***Ағаштан , қағаздан, матадан және металдан жасалған су мен заттар салынған ыдыс .***

	ауыстыра білуге үйретеді. *Балаларға ойын соңында құрсауларға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіреді.* *Ойын2-3ретқайталанады.* ***Қортынды*** *Сылдырмақтың дауысы қандай?* *– Бүгінгі үйренген әніміз не туралы екен?Үйренген әннің көңілді сипатта екенін түсіндіреді.* *Енді мына шарларды ұшырып ойнауға болады.*	*суреттерден орманға зиянды заттарды қызыл корзинаға салу,керек заттарды жасыл корзинаға салу.* ***Қорытынды:*** ***Балаларды мадақтау.***			*Біз барлық заттарды суға салу арқылы эксперимент жасаймыз да Буратиноға түсіріп жібереміз.* *Табаққа су құйып, қағаз, мата және металл, ағаш заттарды бақылап, олардың қайсысы қалқып жүретінін анықтау* ***Сұрақ:*** ***Қайсы зат батып кетті, неліктен?*** ***Тәжірибе қортындысы:*** *Барлық жеңіл зат судың бетінде қалады, ал ауырның бәрі су астына батады.*
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №1*** *Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау.*	***Картотека №2*** *Ауа – райын бақылау.*	***Картотека №3*** *Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау.*	***Картотека №4*** *Бақбақ гүліне бақылау жасау.*	***Картотека №5*** *Бағдаршамды бақылау.*
Эстафеталық ойындар ***1.Картоп жинау*** *Педагогтың белгісі бойынша жүгіріп шығып, кедергілерден өтіп, шеңбер ішіндегі кішкене доптарды алып тіке жүгіріп келеді.* *Келесі ойыншыға қол береді, ойын осылай жалғасады. Жүгіріп келген ойыншы саптың артына тұра береді. Ойынды қай команда бұрын бітірсе, сол жеңіске жетеді.*					

	2.«Жалауды тез жеткізу» ***Шарты:*** *Кеглиді айналып жүріп, жалаушаны 2 - балаға жеткізу*				
Серуеннен оралу	***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Педагог жоспары бойынша сауықтыру шаралары. -Су процедураларын өткізу***				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз***				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».* *- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,* *- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.* *- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.* *- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.* *- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.*	***№4.*** *Бір – көтер кәне қолыңды* *Екі – төмен ұста қолыңды* *Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды* *Бес дегенде секір көрсет бойыңды.* *Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.*	***№5.*** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».* *2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.* *3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау*	***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.* *- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.* *- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау*	***№7.*** *«Күннің оянуы»* *- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.* *- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.* *- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.* *басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.* *«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.*
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылд	***Мүсіндеу*** ***Тақырыбы:*** ***«Мерекеге арналған гүл»*** ***Мақсаты:*** *Пластилинография* *дайын суреттің үстіне ермексазды*	***«Ұқыпты қыз» әңгімесін оқып беру.*** *Анар деген кішкентай қыз өте ұқыпты болыпты.Ол даладан ойнап үйге кірген бетте,қолын сабынмен жуып,киімдерін ауыстырады екен.Бірде*	***Дид ойын:*** ***«Жылжымалы суреттер»*** ***Қиылған суреттерді үйдің жанына орналастыру.*** *Бұлт, күн, үй, шөптер, тал, қызғалдақты үйдің*	***«Адамға қолшатыр не үшін керек»*** *Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту, визуалды-моторлы үйлестіру. Қолшатырды безендіру* ***Палитра әдісі-***	***Ғажайып сәт*** *Топқа қоян жүгіріп келіп жылайды.* *Ой, балалар, бүгін менің үйімді қасқыр бұзып тастады. Менің әдемі мынадай үйім бар еді (суреттің*

ы ойындар, Үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	жапсырады. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларына **Қажет құралдар:** Тақырып бойынша көрнекіліктер **ҰОҚ өтілу барысы** **Шаттық шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев** Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. **П.Қызығушылықтарын ояту.** Дид ойын: «Кім тапқыр?» **Жұмбақ жасыру.** Суықта солмайды, Аязда тоңбайды. **(жасанды гүл)** Көркіне көрік, Жазға серік. Не? (гүл) **2.1Ой дамыту** **-Гүл туралы түсінік беру.** -Сұрақ – жауап . – Гүл нешеге бөлінеді? -Гүл өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу , су,ауа. **Саусақ**	анасы үйді ретке келтірейін деп Анардың бөлмесіне кірсе,ол киімдерін бүктеп,кітаптарын ретке келтіріп,сөрелерге өзі әдемілеп жинап қойыпты. Ойыншықтарды да өз орнында. Анасы қызының есейгенін байқап,ұқыптылығына риза болдады. **Сұрақ қою.** -Анарды қандай қыз деп айтуымызға болады? -Анасы Анарға неліктен риза болды? **Ойын. «Жақсы мен жаман»** Допты алған бала жақсы немесе жаман әдеттерді айту керек. Мысалы: • Жаман - ойыншықты жинамау. • Жақсы - ойыншықты жинау Қортынды Сұрақ- жауап. Балаларды мадақтау.	сол жағына,көбелекті жоғары, күннің көзін оң жаққа, шөптерді төмен жаққа орналастыру. **Тақпақ жаттау. «Еңбек»** Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты - Еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты - Еңбек. Гүл отырғызсаң терлеп, Мұның аты - Еңбек. Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек.	**саусақпен** Ойнайық, ойнайық та ойлайық! Қатардан артта қалып қоймайық, Белсенді болайық ортада, Уақытты тектен - тек жоймайық! **Қимыл-қозғалыс ойыны:** **«Поезд»** **Мақсаты:** Поездің жолаушылар және жүк көлігіекенін түсінеді Станцияларға уақытымен тоқтап жолаушыларды түсіруге,бірігіп ойнауға дағдыланады.	көрсетеді). Енді әдемі үйімнен тек қана мына бөлшектері ғана қалды, оларды құрастырмақшы болып едім түк шықпады маған көмектесіңдерші? **2-топқа бөлу.** Дамыту орталығына шақыру. Үлгімен жұмыс балаларға үйдің құрылымымен таныстыру. **1-топ** конструктодан үй жасайды. **2-топ** құрылыс материалдарынан үй жасайды. **Өз бетінше жұмыс.** Қоян: -Ой, балалар мына үйлер менің үйімнен де әдемі болып шығыпты, маған қатты ұнады. Рахмет айтып қоштасады. жөндеуші Сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылау.

	жаттығуы: ***«Дос болайық»*** *Торғайлармен дос болайық* *Көңілдірек қанекей.* *Жем береміз, бәріміз.* *Егер жаңбыр жауа қалса,* *Тығыламыз бәріміз.* *күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз.* ***Балалардың өз бетінше жұмысы*** *Дайын гүл суретінің үстіне ермексазды жапсырады.* *Қадағалау, көмектсу* ***Дид ойын: «Біздің көрме»*** *Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастыру, бағалау.* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.***				
Бала мен жеке жұмыс	***М. Монтессори технологиясымен жұмыс.*** *Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.*	***«Танып ал да, атын ата»*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.*	***«Түрлі түсті моншақтарды тізу»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету*	***«Қуыршақты жуындыру үшін не керек?»*** ***Ойынның мақсаты:*** *қуыршақты жуындыру үшін қандай заттар керек екенін біледі.*	***«Не жоқ?»*** ***Ойынныңмақсаты:*** *балалардыңлогикалықойлау ындамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққатәрбиелеу.*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.*				

Серуен	*Таза ауада серуен.* *Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Шар жарылды»*** ***Мақсаты:*** *Мұрын арқылы тыныс алуын жақсарту, демнің дұрыс шығуын қадағалау. Еріннің дұрыс ырғақты беттесуін дамыту.* ***Арнайы массаждар:*** *Түрлі гимнастикалық жолдарменжүру*	*Таза ауада серуен.* *Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Ақ қоян»*** ***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, жылдадыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* ***Арттерапиясы:*** *мүсіндеу* ***Аюға тоқаш береміз***	*Таза ауада серуен* *Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»*** ***Мақсаты:*** *балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.* ***Арнайы массаждар:*** *-майтабандарға арналған жаттығулар;*	*Таза ауада серуен.* *Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Жер, су, ауа»*** ***Мақсаты:*** *балалардың ойлау қабілетін жетілдіру.* ***Арттерапиясы:*** *сурет салу* *Ғажайыптар әлемі.*	*Таза ауада серуен.* *Шынықтыру шаралары* ***Музыка терапиясы:*** *би,гимнастик алық жаттығулар*
Балалардың үйге қайтуы	*Ата – аналарға мезгілге байланысты бала киімі туралы айту*	*Ата – аналармен төлем ақылары жөнінде әңгімелесу.*	*Ата – аналарға жол ережесі туралы мағлұмат беру.*	*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)*	*Ата – аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *1- апта*

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

кіші топ.

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 10.06 – 14.06.2024ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Балаларды қабылдау кезінде ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау. Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары , бей нелеу әрекеті, кітаптар қарау және	***«Қонаққа барамыз»*** *Басбармақтың үйіне, Келді бүгін қонақтар, Бес саусағың біріксе, Текке кетпес уақытың, Барлық саусақ – тату дос, Бір – біріңе көмектес.* ***Қимылды ойын:***	*Достар бірге жүреміз Бірге ойнап күлеміз Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз* ***Дид ойын: «Жадыңда сақтап көрші»*** ***Мақсаты:*** *көргенін есте сақтай алады, зейінді, байқағыш бола алады*	*Күнмен бірге тұрамыз , Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз баламыз.* ***Қимылды ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»*** ***Шарты:*** *Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да жолды көрсетіп, жолдың қандай түзу*	*Достар бірге жүреміз Бірге ойнап күлеміз Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз* ***Дид ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»*** ***Мақсаты:*** *жазғы табиғат құбылыстарын атай алады.*	*Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз* ***Қимылды ойын : Кішкене өзен арқылы.*** *Тәрбиеші екі сызық сызады да тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады Балалардың бір-біріне*

тағы басқа әрекеттер)	***Ұшақтар*** ***Ойын шарты:*** *Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді.*		*екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады.*		*соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.*
Таң ертеңгі гимнастика	***Таңғы жаттығу кешені*** *Жаттығу түрі - сылдырмақ , әуенмен. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуын жасай отырып, баланы шыңдау.* ***Маусым айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген***				
Таңғы ас	***Тәтті тамақ жейміз.*** ***Рақмет аспаз дейміз.*** *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* *Әдептілік ережелерін түсіндіру.*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***«Қонаққа барамыз»*** *Басбармақтың үйіне,* *Келді бүгін қонақтар,* *Бес саусағың біріксе,* *Текке кетпес уақытың,* *Барлық саусақ – тату дос,* *Бір – біріңе көмектес.*	*Біз қандаймыз, қандаймыз,* *Шұғылалы таңдаймыз!* *Күлімдеген күндейміз!* *Еш уайымды білмейміз.*	***Мен де балғын гүлмін*** ***Автор. М. Байсариева*** *Арасынды гүлдің* *Ойнап бүгін жүрдім* *Қызыл, көкшіл, сары* *Әп-әдемі бәрі* *Енді ғана білдім-* *Мен де балғын*	***Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»*** *Бір шаңырақ астында,* *Тату – тәтті тұрамыз.* *Бірге ішеміз асты да,* *Бірге сайран құрамыз.*	*Шымыр, сергек денеміз,* *Спорт сүйер өренбіз!* *Біз биіктен самғаймыз,* *Қарсыластан қалмаймыз.*

			гүлмін!		
Білі мберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	***Тосын сәт.*** ***Кір-кір қуыршақ келеді.*** ***Таңғалу.*** ***Ой қозғау.*** *Мына қуыршақ неге мұндай болып тұр?* *Қуыршаққа көмектесуге бола ма?* *Қалай көмектсеміз?* ***Дид ойын: «Қуыршаққа көмек»*** ***1-көмек. Дид ойын: «Қуыршақты шомылдырайық»*** *Ол үшін бізге не керек?* *Балалардың өз ойын айтуы.* *-Су, сабын, сүлгі.* *Шомылады қуыршақ,* *Жуынады қуыршақ.* *Таза қалпы төсекте* *Тыныгады қуыршақ.* ***Қуыршақты шомылдыратын сабынмен эксперимент жасайық.*** ***Ой қозғау.*** *Балалар мынау не? Сабын*	***Ой дамыту.*** ***Сұрақ-жауап*** *Балалар осы күн бізге не үшін керек?* *Егер күн болмаса мына гүлдер, шөптер өсеме?* *Күн маған да саған да керек екен.* *Олай болса күн туралы ертегі еліне саяхат жасайық.* *-Ертеде аспанда Күн сәулесі өмір сүріпті. Күн сәулесі аспанда жалығып, жер бетіне түсуді ойлайды. Жерге түсіп, жылаған гүлді көріп, оған жылуын сыйлайды. Гүл қуанып, күлімсіреп, рақметін айтады.* *Ұшып бара жатып, қанатын сулап алып ұша ламай жүрген аарны көреді, шуағымен қанатын кептіріп, араның ұшуына көмектеседі. Ара да оған ризашылығын білдіреді.* *Тағы ұшып келе жатып, солып қалған гүлдердің арасынан шыға ламай жатқан көбелекті көреді.*	***Таза ауада ертегі желісі*** ***«Ойыншықтар мен бояу»*** ***Ой дамыту*** *Ертеде бір балабақшада ойыншықтар өмір сүреді Олармен күндіз балалар ойнаса, түнде балалар үйге барғанда жалықпас үшін ойыншықтар өздері бір-бірімен ойнайтын. Бір күні ойыншықтарымызға* ***қылқалам қыз*** *өзімен бірге бояулар алып келеді.* *Ойыншықтар қатты таң қалды. Олар бояуды ешқашан көрмеген және олармен қалай ойнауды білмеген.* *Қылқалам қыз да бояумен бояуға болатынын айтып, тіпті үй мен күнді қалай салуға болатынын көрсетеді.*	***Таңғажайып сәт:*** *(Микроб қонаққа келеді)* ***Микроб:*** *Сәлеметсіздер ме, менің әлсіз де, кішкентай балаларым. Мен микроб деген патшаларың боламын. Сендер мені күттіңдер ме? Мен жеміс-жидектерді жумай жейтін, денесін шынықтырмайтын балалардың қасында жүргенді ұнатамын. Менімен дос болған балалар жалқау болады. ХА-ха-ха.* ***Тәрбиеші:*** *Біз сізді шақырған жоқпыз. Біз, балалар, жемістерді жақсылап жуып, тазалап жейміз ғо иә? Біз күнде денешынықтыру жасаймыз.* ***Балалар:*** *Иә, апай!* ***Микроб:*** *Сіздер менімен қалай күресу керек екенін біледі екенсіздер. Менімен дос болмасаңыздар, мен сіздерді сиқырлап тастаймын.* ***Балалар:*** *Біз сіздің сиқырыңызға сиқырланбаймыз. Сізбен қалай күресу керек екенін білеміз. Жеміс-жидек пен көкөністерді жуып-тазалап көп жейміз. Біздің денсаулығымыз күшті. Біз ештеңеден қорықпайтын ғалымдармыз.* ***Эксперимент алаңы.*** ***Эксперимент: « Жемістер - оларды қалай жеуге болады?»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға жеміс-жидек тағамдарын*	***Таза ауада гүл алаңына саяхат.*** *Балабақша ауласындағы гүлдерді бақылау, сұрақ –жауап.* ***Тосын сәт.*** ***Гүлдердің арасынан үлкен қорап тауып алу.*** *Қорапты ашу. Ішінде пластмасса гүл шығады.Гүлдің астында хат бар екен. Гүл ханшайымы бізге тапсырма берген. Менің жайқалып өскен гүлдерімміен , мына жасанда гүлдің айырмашылығын айтып, маған түсіріп жіберіңдер депті.* *Ендеше мына жайқалып тұрған гүл қалай өсетіні туралы ертегі тыңдайық.* *Беседка:* ***«Гүл» туралы ертегі.*** *Баяғы өткен заман да бір гүл өмір сүріпті. Гүлдің басқа достары болмапты.* *Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Гүл жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін гүлдің көңілі көтеріліп, қуанады. Ол әртүрлі қимыл жасап биле*

	Ал енді сабынның түрлерін қарайық. Балалар, сабын не үшін керек? *- Сабынның пішіні қандай болады? (сопақ, төртбұрыш, шаршы, дөңгелек, жануар пішінді, гүл пішінді т.б.)* *- Сабынның түсі қандай болады? (кемпірқосақтың барлық түстеріндей.)* *- Сабынның мөлшері қандай болады? (кіші, үлкен)* *- Сабынның иісін көрейік, оның иісі бірдей ме? (жоқ; оған хош иісті, эфир майы қосылады - раушан, апельсин және т.б.)* *Ал мынау не сабын ба? (Иә)* *Неліктен ол контейнерде? (ол сұйық болғандықтан).* *Қолыңызды қарапайым сумен жууға болады ма?* *-Су кірді жуады, бірақ микробтарды кетірмейді.* *Кірге тек сабын көмектеседі.* ***Эксперимент*** *Суды көру. Ол қандай? мөлдір, жылы* ***Балалар, қалай ойлайсыңдар, сабынды***	*Гүлдерге сәулесін түсіреді. Олар бастарың көтергенде олардың арасынан көбелек ұшып шығады. Көбелек күн сәулесіне рақметін айтады.* *Күн сәулесі қиын сәтте басқаларға көмектескеніне өзі риза болады.* *Күн сәулесі табиғат пен адамзатқа өз шуағы мен жылуы қажет екенін түсініп, аспанға орнына барады.* *Сендерге ертегі ұнады ма?* ***Қане бәріміз кішкентай ғалымдар болайық.*** ***Зертханалық алаң.*** *Мақсаты: Күн айналаның бәрін нұрландыратын, адамдарды, өсімдіктерді, жануарларды, жерді, суды жылытатын түсіндіру.* ***Тәжірибе №1. Күн*** *Біздің қолымыз күнді сезіне ала ма?* *Педагогтың артындағы балалар күннің жылуын сезіну үшін қолдарын күнге созады, алақандарын*	*Ойыншықтарға бұл әрекет ұнап түні бойы сурет салады. Таңертең қылқалам қыз мен бояулар өздерінің қораптарына кіреді. Ал ойыншықтар бір-біріне қарап, олардың бәрі өте кір екенін көреді.* ***Тосын сәт:*** *Тәрбиеші: - Балалар, кім жылап жатыр? Бұл біздің лас ойыншықтарымыз. Қалай ойлайсыңдар, олар неге жылайды? (Лас). Оларды тазалауға көмектесейік.* *Эксперимент.Педагог балаларды губканы алуға, оны сабынмен көбіктеуге және лас ойыншықтарды жууға шақырады, Әрқайсысына ойыншық алып, оны сабынды губкалармен жақсылап сүртіңіз. Ойыншықтар қандай? Олар таза, бірақ сабынды. Ойыншықтарды таза сумен шаю*	*дайындаудың әртүрлі тәсілдерін көрсету.* ***Құрал-жабдықтар:*** *жемістер бейнеленген суреттер, «Бақшадағы егін жинау» сюжеттік суреті, кептірілген жемістер, консервіленген және жаңа піскен жемістер салынған табақтар, жеміс компоттары бар стақандар.* ***Жүргізілу барысы:*** *Педагог балалармен бірге жемістердің сюжетті суреттерін қарастырады. Педагог балалардан жемістер мен көкөністердің айырмашылығы неде екенін сұрайды. Ол әрі қарай шикі жемістерді алып, адамның оларды қалай жегенін және неліктен екенін сұрайды.* *Педагог балалармен бірге кептірілген және консервіленген жемістерді тексеріп дәм татады, компот ішеді. Әркім бұл өнімдердің қалай ерекшеленетінін салыстырады және қорытынды жасайды. Балалар әртүрлі тәсілдермен пісірілген бір жемісті табуға, дәмінің айырмашылығын анықтауға үйренеді.* ***Қорытынды.*** *адам қыста жемістерді*	*йді. Бір кезде оның басындағы т ұқымы жерге себіледі. Гүл оны байқамайды. Гүл тағы да менің дост арым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, гүл жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді. Гүл: «Енді менің достарым көбейді, алақай» - деп қуанады. Содан бері әр-түрлі гүлдер жерге шыға бастапты.* *Міне балалар бұл гүлдер топырақта, күннің жылуымен, сумен жайқалып өседі екен.* ***Ой қозғау.*** ***Ал жасанды гүл деген не?*** *Оның мына гүлдерден айырмашылығы неде екен?* *Жасанды гүлді пластмассадан, қағаздан т.б нәрседен адамдар жасап шығарады. Оны топыраққа отырғызсақ өсе ме? Жоқ.* ***Бірақ оған да су керек. Не үшін? Оны жуып, шаңын сүртіп тұру керек.*** *Ал топырақта өсетін гүлдер қалай өседі*

	суға салсаң не болады. Оны тексерейік. *Сабынды суға батырып, оны қолымызбен ұстайық. Ол не болды? тайғақ.* *Мен барлығыңа губканы алып сулауды ұсынамын, содан кейін оны көбіктендіріңдер, губкаға не болды? сабын көпіршіктері пайда болды, енді губканы суға батырыңыз. Су қандай болды? Бұлтты, су лай болды..* ***2- нұсқа:*** *Енді сабынды таяқшамен қаттырақ араластырайық? Не болып жатыр? Көбік болды. Сонымен, сұйық күйде сабын көбіктенеді.* *Енді осы ерітіндіден сабын көпіршіктерін үрлеп көрейік.* ***Тәрбиеші: Ал, балалар, бүгін сендер нағыз ғалым болып, көптеген тәжірибелер жасадыңдар. Біз сабын туралы көптеген жаңа және қызықты нәрселерді білдік.*** *Сабынмен жуынған соң қуыршақ тап-таза болды. Ол көңілді болды.* *Оған арнап ән айтып берейік.* ***Музыка***	*жоғары көтереді.* ***Қортынды:*** *Күн алақанымызға не жібереді? Жылу.* ***Тәжірибе №2.*** ***Күн қайда түнейді.*** *Күндізгі уақытта күннің аспандағы орнын өзгертетініне назар аудару.* ***Қортынды:*** *күннің шығуын бір терезеден, ал күннің батуын басқа терезеден байқауға болады.* ***Дене шынықтыру*** ***Кіріспе бөлімі:*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім****:* ***Жалпы даму жаттығулары.*** ***Құралсыз.*** *Б.қ. өкше түйстірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5р)* *2.Б.қ. аяқты алшақтатып, қолды*	*керек. Міне, бұл ыдыста таза су бар.* *Ойыншықтардың сабынын кетіру үшін таза суға саламыз. Ойыншықтар не болды? Таза, бірақ дымқыл. Не істеу керек? (Сүрту). Ойыншықтарды қалай сүртуге болады? (салфетка, орамал). Міне, бізде майлықтар. Қазір ойыншықтар қандай? (Таза, құрғақ). Ойыншықтар қуанады, көмектерің үшін рахмет! Енді біз оларды топқа апармыз.* *Қортынды.* *Біз нелерге көмектестік?* ***Ойын:*** *«Еге р де»* ***Ойын шарты:*** *Бастаған сөйлемді аяқтау.* *1.Егер де су болмаса.....* *2.Егер де сабын болмаса.....* *3.Егер де сүлгі болмаса.....* *4.Егер де айна болмаса.....	*әртүрлі тәсілдермен жинау идеясын ойлап тапты: кептіру, сақтау, қайнату. Жемістерде біздің денемізге пайдалы көптеген дәрумендер бар. Бірақ жаңа піскен жемістер ең пайдалы, оларда барлық витаминдер бар.* ***Біз жаттығу жасаймыз.*** ***Дене шынықтыру*** ***Кіріспе бөлімі:*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім****:* ***Жалпы даму жаттығулары.*** ***Құралсыз.*** *Б.қ. өкше түйстірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5р)* *2.Б.қ. аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет)* *3.Б.қ. аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 р)* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Әтеш» дыбысын салу,*	*екен.* *Біз кішкентай ғалымдар болып, эксперимент жасап тексереміз* ***Эксперимент*** ***Тәжірибе №5*** ***«Қайсысы тез өседі»*** ***Мақсаты:*** *Өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топырақта тәуелділігін негіздеу.* ***Қолданылатын материалдар:*** *Екі бірдей қазтамақ кесінді, суы бар ыдыс, топырақ салынған құмыра, өсімдік күтіміне арналған заттар.* ***Процессі:*** *Өсімдіктердің топырақсыз ұзақ өмір сүре алмайтынын және олар суда немесе топырақта жақсы өсетінін анықтауды ұсыну. Балаларға қазтамақ кесіндісін әртүрлі су, топырағы бар ыдыстарға салуды ұсыну. Жаңа жапырақ пайда болғанша оларды бақылау.* ***Қорытынды:*** *Топырақтағы өсімдікте жапырақ тезірек пайда болды, ол топырақтан жақсы күш алады; ал судағы өсімдік әлсіз болып келеді.*

	Тақырыбы: «Көңілді – көңілсіз» ойыны ***Ойын барысы:*** *Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.* ***Көңілді*** *Жылқы жағалауда жүр екен* *Жасыл желек үстінде.* *Ол басын шұлғып алып,* *Қара жалың желпілдетіп,* *Алтын жүгені сылдырлап* *Сыңғыр, сыңғыр етеді* *Тағып алған қоңыраулары,* *Жорғалап ол жүреді* ***Көңілсіз.*** *Мұңды көңілсіз жануарлар,* *Олар ауырып қалған шығар.* *Қоянның аяғы ауырып тұр,* *Сондықтанда олар,* *Тұнжырап мұңайып жүр.* *Иттің басы ауырып тұр* *Сиыр бұзауын жоғалтқан* *Міне қара барлығына* *Көңілсіздік орнаған.* *Сұрақ жауап.* ***Ойын: «Менің көңіл-күйім»***	*алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет)* *3.Б.қ. аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 р)* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *- Обручтан, обручқа секіру* ***Қимылды ойын:*** *«Қояндар мен қасқыр* ***Қортынды.*** *Балаларды мадақтау*	***Тақпақ:*** ***Сабындеген не?*** *Суда сабын көпіргіш,* *Кір-күйені кетіргіш.* *Әркім үшін сабындай,* *Ардақты боп өту-күш.* *Балаларды мадақтау.*	*«ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *- Обручтан, обручқа секіру* ***Қимылды ойын:*** *«Қояндар мен қасқыр* ***Қортынды.*** *Балаларды мадақтау* ***Ой,ой, ой мен кеттім , мен кеттім микорп қашып кетеді.***	

	Шарты: Қуанышты, көңілді бейнені көрсету. ***2-көмек. Қуыршақты таза киіндіру.*** ***Дид ойын: «Қуыршаққа киім тігеміз»*** *Қуыршаққа трафарет арқылы көйлек салып,бояу* *Қортынды* *Балаларды мадақтау.*				
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №6*** *Құстарға бақылау жасау*	***Картотека №10*** *Күннің көзін бақылау.*	***Картотека №11*** *Табиғатты өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр, т.б.)*	***Картотека №12*** *Ауа – райын бақылау.*	***Картотека №13*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.*
	Жаз серуен картотекасынан. *(картотека қосымша тігілген)* ***Эстафеталық ойындар*** ***«Торайды тамақтандыр»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды жылдамдыққа үйретіп, дәл тигізуге дағдыландыру.* ***«Жалауды тез жеткізу»*** ***Шарты:*** *Кеглиді айналып жүріп, жалаушаны 2 – балаға жеткізу*				
Серуеннен оралу	*Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру (тәрбиешінің ұйымдастыруы бойынша) Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп	***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж*	***№5*** *"Құстар оянды" -*	***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу,*	***№7*** *«Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар*	***№10*** *Қайырлы таң,*

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***№1. Ояну*** *Оянайық балалар* *Маған тезірек қарандар* *Шапалақты ұрайық* *Орнымыздан тұрайық.*	***№2. Ояну*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***№3. Ояну*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***№4 Ояту*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***№5. Ояту*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Пейзажды құрастыр» дидактикалық ойын*** ***Мақсаты:*** *Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы білімді дамыту* ***Ойын барысы:*** *балаға белгілі бір маусымның (қыс, көктем, күз , жаз) пейзажын баспа суреттерінің жиынтығын құрастыруға шақырады, бала дәл осы маусымға сәйкес заттарды таңдап, өзінің білімінің көмегімен дұрыс композиция құруы керек*	***Дид ойын: «Ағаш өсіру»*** ***Шарты:*** *Ағаш өсу үшін керек заттарды орналастыру. Балаларды топқа бөлу.* ***1-топ:*** *А3 форматта салынған ағаш суретін құрастыру.* ***2-топ:*** *Салынған А3 форматта ағаш макетінің үстіне Күн суретін салу.* ***3-топ:*** *Ағашқа судың жатқанын ермексаз арқылы жағу.* ***Тыныс алу жаттығуы: Ауамен демаламыз***	***«Татуласу»*** *Әкел, досым қолыңды* *Татуласқан орынды* *Өкпелесіп не таптық* *Көрсет, кәне соныңды* *Баққа бірге кірейік* *Қол ұстасып жүрейік* *Татулықтың белгісі* *Кел, қосылып күлейік.* ***Дид ойын «Не деу керек?»*** *Не деу керек?* *Апаң сағаң базардан,* *Алма сатып әкелді.*	***«Тамшылар мен бұлт» (балалар тамшы қалпақ киеді).*** *Тамшылар жерге ұшты (секіру). Олар жалғыз секіре отырып, жалықтырды. Екеуі жиналып, шағын ағынмен ағып кетті (қол ұстасып). кездесіп, үлкен өзенге айналды (бір тізбекке қосылған). Тамшылар үлкен өзенде жүзеді, саяхат. - өзен ағып, үлкен мұхитқа айналды. (олар дөңгелек биге қайта салынып, шеңбер бойымен қозғалады). Олар жүзді, мұхитта жүзді, содан*	***Қызығушылықты ояту.*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Өсіп тұрған бұл не?* *Жаз болса жайнап,* *Саясында ән салып.* *Құстар жүрген сайрап,* *Салқын түссе-шешіліп,* *Қалады өзі жайрап.* *(ағаш)* *Мағынасын түсіндіру.* ***Ой қозғау***

		Музыка жетекшісімен бірлескен көңілді әуен ойындары. ***«Көңілді ноталар»***	*Ең үлкенін тәттісін,* *Саған таңдап әперді.* *Не деп барып, жеу керек?* *«Рақмет» деу керек.*	*кейін олар анасы Бұлттың үйге оралуын бұйырғанын есіне алды. Дәл осы кезде күн шықты. Тамшылар жеңіл болып, жоғары қарай созылды (олар еңкейіп, баяу тұрады, қолдарын жоғары көтереді). Олар күн сәулесінің астында буланып, анасы - Бұлтқа оралды..*	*Жаз мезгілі және жазғы ағаштар келбеті туралы түсінік беру.* *- Сұрақ – жауап.* *-Ағаштардың бізге қандай пайдасы бар?* *-Қазір ағаштар қандай?* ***Үлгіні талдау.*** *- Суретте не көріп тұрмыз?* *-Түсі қандай?* *-Қай мезгілдің ағашы?* ***Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.*** *Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін ескерту. Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу.Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.*
Баламен жеке жұмыс	***«Саулеге арналған киім»*** *Мақсаты: сызық бойынша қия білу қабілеттерін бекіту.*	***«Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету*	***Дидактикалық ойын:*** ***«Белгілері арқылы ата»*** *Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін атау білімдерін бекіту..*	***«Бұл қай мезгіл?»*** ***Мақсаты:*** *жаз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Ойын түрлерін түсіндіру. Сөздік қорын байыту.*	***«Жаңылтпаштар»*** *Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету.*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				

Серуен	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Шар жарылды»*** ***Мақсаты:*** *Мұрын арқылы тыныс алуын жақсарту, демнің дұрыс шығуын қадағалау. Еріннің дұрыс ырғақты беттесуін дамыту.* ***Арнайы массаждар:*** *Түрлі гимнастикалық жолдарменжүру*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Ақ қоян»*** ***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, жылдадыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* ***Арттерапиясы:*** *мүсіндеу* ***Аюға тоқаш береміз***	*Таза ауада серуен Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»*** ***Мақсаты:*** *балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.* ***Арнайы массаждар:*** *-майтабандарға арналған жаттығулар;*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Жер, су, ауа»*** ***Мақсаты:*** *балалардың ойлау қабілетін жетілдіру.* ***Арттерапиясы:*** *сурет салу Ғажайыптар әлемі.*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Музыка терапиясы:*** *би,гимнастик алық жаттығулар*
Балалардың үйге қайтуы	*Ата – аналарға мезгілге байланысты бала киімі туралы айту*	*Ата – аналармен төлем ақылары жөнінде әңгімелесу.*	*Ата – аналарға жол ережесі туралы мағлұмат беру.*	*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)*	*Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 10.06 – 14.06.2024 ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***6Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	*Балаларды қабылдау кезінде ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау. Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	*Шынықсаң шымыр боласың, Сауығып айдай толасың. Спорттысерікетебіл, Жақсыазаматболасың.* ***Картотека №1 « Айгөлек »*** ***Мақсаты:*** *балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету.*	*Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* ***Картотека №5 «Қасқырлар мен лақтар »*** ***Мақсаты:*** *Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.*	*Спорт – көркі өмірдің, Спорт - досың, серігің. Жаттықсаң шымыр боларсың, Шынығып, өсіп, толарсың,* ***Картотека № 6 «Сұр қоян жуынады»*** *Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.*	*Ойнайық, ойнайық та ойлайық! Қатардан артта қалып қоймайық, Белсенді болайық ортада, Уақытты тектен - тек жоймайық!* ***Картотека № 8 «Қайда жасырылғанын тап»*** *Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу*	*Шымыр, сергек денеміз, Спорт сүйер өренбіз! Біз биіктен самғаймыз, Қарсыластан қалмаймыз.* ***Картотека № 13 Торғайлар мен автомобиль»*** ***Мақсаты:*** *балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету.*

	Физикалық дамыту қимылды ойындар каротекасынан				
Таңертеңгі гимнастика	***Таңғы жаттығу кешені*** *Жаттығу түрі - сылдырмақ , әуенмен. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуын жасай отырып, баланы шыңдау.* ***Маусым айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген***				
Таңғы ас	***Тәтті тамақ жейміз.*** ***Рақмет аспаз дейміз.*** *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.*				
Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық	*Біз гүлдерше өсеміз,* *Жапырағы жайқалған.* *Сабақтары салалы,* *Желмен бірге жайқалған.*	*Бойыңды сергек тік ұста* *Емін – еркін тыныста* *Деміңді ішке тез алда,* *Сол қолыңды соз алға.* *Оң қол да бос тұрмасын,* *Шеңбер жасап зырласын*	*Топ-топ басайық,* *Жалаудан күн жасайық.* *Жаса, жаса алтын күн* *Жаса, жаса жарқын күн*	*Бір, екі, үш,* *Қанe, қанат қағамыз.* *Бір, екі, үш,* *Қарлығаш боп ұшамыз.* *Бір, екі, үш,* *Жинап алдық күш.*	*Жел улейді у-у* *Құйын келіп билейді зу-зу* *Қатты, қатты жел соқты гу-гу* *Жапырақтар қол соқты ду-ду*
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	***Денешынықтыру*** ***Кіріспе бөлім.*** *Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру.* *«Орман аңдары»* *1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.* *2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.* *3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.* *4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.* ***Негізгі бөлім.*** ***Жалпы даму жаттығулары:*** *(Доптармен).* ***1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*** *Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ.* ***2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*** *Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алшақ, қол төменде. Допты*	***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар сендер табиғатпен, оның сырларымен, тосын сыйларымен танысқыларың келе ме?* ***Ой дамыту*** *Табиғат бізге жылдың қай мезгілінде де өзінің кереметін үйретеді.* *Құстар ән айтуды үйретеді.* *Егістік пен бақшадағы аралар бізге еңбек етуді үйретеді.* *Қар тазалыққа, күн мейірімділікке үйретеді.* *Барлық орман тұрғындары берік достыққа үйретеді.* *Жыл бойы табиғаттан көп нәрсені үйрену керек.* *Ендеше серуенге шығамыз.* ***Ауа райын бақылау*** *Балалар көңіл күйлерің қалай? (балалардың жауаптары)* *Ауа райы қалай болып тұр?* ***Тосын сәт*** *Телефон шырылдау, аудио дыбыс.* *Саламатсыңдар ма балалар. «Балалар, сендердің топтарыңда қандай бөлме*	***Тосын сәт.*** *Балалар, маған Топырақтан хат келді. Ол бізден көмек сұрайды. Ол өзіне қауіп төніп тұрғанын айтады. Егер ол ауырып қалса, онда барлық ағаштар, өсімдіктер, гүлдер мен шөптер өсе алмайды, олар тамақты топырақтан алады. Топырақ неден қорқуы мүмкін* *Тәрбиеші: Топырақ ластанудан қорқады. Қалай ойлайсыңдар, біз жерді қалай ластаймыз? (балалардың жауаптары).* *Көбінесе біз қоқысты жерге тастаймыз, көгалдарды таптаймыз»* ***Біз серуенге шығып топырақтың ластануы туралы зерттеу жұмысын жүргізейік.*** ***Ғажайып алаң. (таза ауада өткізу)*** ***Эксперимент : «Топырақтың ластануы қалай пайда болады?»*** ***Мақсат.*** *«Топырақтың ластануының зардаптары».*	***Қызығушылықты ояту.*** ***Жаз жайдары,алақай!*** ***Жатыр жайнап даламыз.*** ***Жүр, қанекей, балақай,*** ***Серуенге шығамыз.*** *Сұрақ –жауап* *Балалар өлең не туралы айтылған?* *Серуен жасаған ұнай ма?* *Серуен кезінде қауіпсіз ережелерді білеміз бе?* ***Атау.*** ***Ғажайып сәт.*** ***Телефон шырылдау. Аудио. Сәлеметсіңдер ме балалар.*** ***Мен орман тұрғыны тиінмін.*** *Біз түлкіге қонаққа барғанда , түлкінің күшігі дастархан басында өзін ұстау ережелерін ұмытып, қыбырлап, анасының сүйікті кесесін сындырды. Ыдыс неден жасалады? — деп таба алмай ойланып мыршай уайымдап отыр. Кішкентай түлкіге оны анықтауға көмектесіңдерші.* *Оның анасына жаңа кесе жасауға көмек керек.* ***Ой қозғау.***	***Қызығушылықты ояту.*** *Педагог топқа сөмке әкеледі. «Балалар, сендерге бара жатып мен сөмке тауып алдым. Және ол бос емес. Онда не бар екенін бірге көрейік».* ***Ой қозғау.*** *Педагог сөмкеден қиыршық тастарды алып, балалармен бірге қарайды. Сұрақтар: «Барлық қиыршық тастар бірдей ме?» (жоқ). Олар қалай ерекшеленеді? (түсі, пішіні, өлшемі). Олар қандай сезімде? (тегіс). Қандай жерлерде қиыршық тастарды көп көруге болады? (Аквариум, құмсалғышта, жолдарда).* ***Диди ойын: «Үлкен кіші тастар»*** ***Шарты:*** *Тастарды үлкен және кіші қиыршық тастар деп бөлу.* ***Менің сүйікті бұрышым.*** ***Ертегі бұрышы.*** *Ертеде бір көлдің жағасында кішкентай тас болды. Су*

	алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. келу ***3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*** *Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу.* ***4. Қос аяқпен секіру.*** *Б. қ. келу* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Алақандағы допты үрлеу».* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1.Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.* *2.Еңіс тақтай үстімен жүру.* ***Қимылды ойын:*** ***«Қяндар мен қасқыр»*** ***Мақсаты:*** *Балалар ойын арқылы шапшаңдықты, ептілікті үйреніп, денсаулықтарын шынықтыруды біледі.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.* ***«Мақта қызбен Тастар»*** ***Тастарды зерттеу: мөлшері, салмағы, түсі тәжірибесі*** ***Мақсаты:*** *балаларға тастар туралы әңгімелеу, олардың қасиеттерін анықтауға үйрету.* ***Материалдар мен құрал-жабдықтар:*** *әртүрлі пішіндегі, түстердегі, өлшемдегі тастар, үлкейткіш әйнек.* ***Қызығушылықты ояту.*** *Бір күні Мақта қыздың*	*өсімдіктері бар. Және олардың бәрі өте әдемі және жасыл ма?* *Мен гүл отырғыздым, оны күнде суарам ол бірден құрап, құрап қалды. Ал мен неге екенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Мына суреттегі менің өсімдігім Мен білмесбекпін.* ***Ой қозғау.*** *Балалар мына суретті қарайық Білмесбек гүлді қайда отырғызды.* *Балалар, қараңдаршы, өсімдік неліктен құрап қалды деп ойлайсыңдар? Ол өсімдікті кастрюльге отырғызды.* *Ал сонда бізге топырақ не үшін керек?* ***Біз кішкентай ғалымға айналып, Білмесбекке көмектесейік.*** ***Эксперимент №1*** ***«Топырақ бізге не үшін керек?»*** ***Мақсаты:*** *балалардың жердің жұмсақ, ұсақ түйіршіктерден тұратын, суды оңай өткізетін, құрғақ және ылғалды қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру.* ***Міндеттері:*** *сөйлеу тілін, алға қоя білуді дамыту жорамалдар және тәрбиешінің көмегімен қорытынды жасау.* ***Ресурс:*** *Топырақ, таяқша, су құйылған ыдыс, елеуіш, құм салынған ыдыс және оның ішінде құрап қалған өсімдік өскіні бар.* *Балалар гүлдерді қайда өсіру керек ? гүл біздің құм жәшігімізде өседі .*	***Міндеттері:*** *эксперимент нәтижелерін салыстыру, рефлексиялау, жалпылау, гипотеза құру және оларды тексеру қабілеттерін дамыту. Табиғат әлеміне құрметпен қарауға тәрбиелеу.* ***Ресурс.*** *Топырақ салынған ыдыс, таза және сабынды су құйылған банкалар, картон, таяқшалар.* ***Эксперимент №1.*** *«Қараңдаршы, алдарыңда екі банкі топырақ тұр. Бір банкіге мен жаңбыр суын құйамын, екіншісіне – сабынды су құямын Банкілерді салыстырыңыз. Топырақтар не болды. (Дымқыл). Бірдей ме немесе басқа.* ***Жаңбыр суы құйылған топырақта қандай да бір өзгерістер бар ма?*** *(Жоқ).* ***Сабынды сумен құйылған топырақтан не көрінеді?*** *Сабын көпіршіктері, жолақтар.* ***Эксперимент №2.*** *Мына картондарды аламыз.. Оны кішкене бөліктерге бөліңдерде оны топыраққа араластырыңдар. Қолдарыңа таяқшаларды алып, таза топырақ пен картон араласқан топыраққа тығамыз.* *Таяқшаны қай топыраққа салу оңай? (таза жерге).* *Таза жерде ауа көбірек болады .* ***Түсініктеме:*** *«Жерде тек ағаштар мен өсімдіктер өспейді, сонымен қатар көптеген жәндіктер мен*	***Балалар көмектсеміз бе?*** ***Дид ойын: «Түлкіге кесе»*** ***Тәжірибе*** *«Саздың қасиеттерін анықтау: құрғақ, қатты, ұнтақ түріндегі саз, сазды қалай жұмсақ ету керек»* ***Мақсаты:*** *балаларды саздың қасиеттерімен, оның қолданылуымен таныстыру.* ***Материалдар мен құрал-жабдықтар:*** *саз ұнтағы, модельдеу тақталары, дестелер, су, майлықтар, алжапқыштар.* ***Эксперимент № 1.*** *Педагогпен балалар өз бетінше ұнтақтан саз дайындайды.* *Оны зерттеу, сұрақтарға жауап беру:* *-Сіздің ойыңызша саздың түсі қандай? Қоңыр.* *-Балшық қатты ма, жұмсақ па? Жұмсақ.* *- Балшық неге ұқсайды?* *- Бір кесек сазда құмның жеке түйірлері анық көрінеді ме? Құрғақ және дымқыл балшық доптарды салыстыру: біреуін ұста бірнеше күн бұрын жасаған, екіншісін мен қазір жасадым. Доптар бірдей ме, әлде әртүрлі ме?* *Қандай айырмашылық бар? Қандай допты сығып ұстауға болады? Доптарды еденге лақтырсаң не болады?* ***Біреуі пішінін өзгертеді, екіншісі бөліктерге бөлінеді*** *Түсініктеме: «Саз дымқыл және құрғақ. Біз дымқыл саздан затты мүсіндей аламыз, ол жұмсақ ал, құрғақ*	*бетінде қалқып тұрған әдемі лалагүлдерге қарап: «Олар қандай бақытты, олар қайықтай жүзеді. Менің де жүзгім келеді деді тастар» Сәлден соң бір бала көл жағасына келіп, тасты алып суға лақтырып жібереді. Тас қуанып: «Ақыры менің арманым орындалды! Мен жүземін алақай деп қуанды, бірақ салмағы тым ауыр болғандықтан жүзе алмайтын болып шықты. Солай малтатас көлдің түбіне батып кеткен. Басында ол қатты ренжіді. Содан кейін мен айналада қанша күлкілі балықтар, басқа қиыршық тастар мен әдемі өсімдіктер бар екенін көрдім. Тас мұңайып, балықтармен достасып кетті.* ***Тәжірибе№1. Ауыр-жеңіл.*** *«Малтатастарды ал. Қандай тастар ауыр, қайсысы жеңіл? Неліктен? (үлкендері кішілерінен ауыр). Бір қолыңызға тас, екінші қолыңызға қауырсын алыңыз. Не ауыр? (қиыршық тас)».* ***Сергіту сәті: «Құм, тас, су»*** *«Құм «дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «Су» дегенде толқын жасап қозғалу.* ***Тәжірибе№2*** *«Тастарды суға сал» ойын тапсырмасы. Сұрақтар:*

	мысығы қазына тауып алады. Ол қазынаны Мақта қызға әкеледі. Мақта қыз қораптағы қазынаны ашқанда, онда түрлі түсті және әр түрлі пішіндегі қиыршық тастарды көреді. Ол өзінің сырын достары бізбен бөліскісі келеді. Балалар Мақта қызға көмектесеміз бе? ***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»*** ***Эксперимент барыс:*** *Тастарды зерттей отырып, олардың түсі, өлшемі және пішіні қандай екенін анықтау. Балаларға әр тасты сипауды ұсыну.* ***Сұрақ-жауап:*** *Тастардың беттері бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Қандай? Балалар өз ойларымен бөліседі.* *Педагог балаларға ең тегіс және ең кедір-бұдыр тасты көрсетуді сұрайды. Біз тастардың бетін одан да жақсы көруіміз үшін ұлғайтқыштарды пайдалануымыз керек. Балалар лупа арқылы өздерінің барлық тастарын тексереді. Балалар кезекпен алақандарына тастарды ұстап, ең ауыр және ең жеңіл тасты анықтайды.* ***Қорытынды:*** *Олар тастар түсі мен пішіні және көлемі жағынан әртүрлі деген*	***Ойын әрекеті : Кесекті сындырамыз.*** *Мына жерде топырақ тұр. Жер әртүрлі кесектерден тұрады. Кесектерді бөлшектейік.* *Қол тигізгенде топырақта қандай түйіршіктер пайда болады? Жұмсақ* ***Зерттеу: «Елеуіш»*** *Мына топырақтарды ыдыстарға салып, електен өткіземіз.* ***Қортынды: Топырақ електен өтті ме?*** *Барлығы өткен жоқ. Електің түбінде не қалады?* ***Кесектер.*** ***Эксперимент №2*** ***«Сиқырлы таяқша»*** *Тәрбиеші: Таяқшаларды құрғақ жерге тығып көреміз. Таяқша топырақ жабыса ма? (Жоқ). Құрғақ топырақ жабыспайды.* *Енді мен топыраққа су құямын . Су қайда кетті? Құрғақ топырақ қандай болды?* ***Құрғақ топырақ суды сіңіріп, дымқыл болды.*** *Енді таяқшамызды дымқыл топыраққа тығып көреміз. Таяқша не болды? (Лас). Неліктен?* *Ылғал топырақ таяқшаларға жабысты. Ылғалды топырақтың түсі қандай? Қара. Ылғалды топырақты електен өткізейік.* *Топырақ еленіп жатыр ма? (Жоқ). Топырақ дымқыл, електен өткізілмейді, ыдырамайды.* *Енді Білмесбекке осы жасаған жұмысымызды*	*жануарлар да өмір сүреді. Жерді ластау арқылы біз оларды құртамыз».* *Қорытынды сұрақ: «Жерді қалай сақтауға болады?* *Қоқыстарды қайда қою керек?* *Лас суды төгеміз бе?* ***Қорытынды. «Топырақ қоқыс пен лас сумен ластанганда онда тіршілік болмайды»*** ***Құммен ойын*** ***Ғажайып сәт. Аудио дыбыс.*** *Орман тұрғындары өте көңілсіз, олар саяхатқа шығып енді қайтуға жолдарын таба алмай жүр екен. Оларға өз іздерін салып, суретке түсіріп жіберейік. Көңілсіз тұрғындарға көмектесейік.* ***Дид ойын: «Ненің ізі»*** ***Ойын шарты:*** *балалар суретке қарап ненің ізі екенін тауып, саусақтардың көмегімен құмға бейнелей білу керек.* ***Денешынықтыру*** ***Кіріспе бөлім.*** *Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру.* ***«Орман аңдары»*** *1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.* *2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.* *3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.* *4. «Қасқыр» Баяу жүгіру,*	*саз қатты және ыдырап кетуі мүмкін.* *Ой дамыту.* *Біз түлкіге қайсы саздан кесе жасаймыз.* ***Жұмсақ саздан*** *Олар жұмсақ саздан кесе жасайды.* *Олар алынған ыдысқа су құяды.* *Жасаған жұмысты кептіріп қою, кепкен соң себетке салып түлкіге беріп жіберу.* ***Қорытынды:*** *саз дымқыл, жұмсақ, тұтқыр, оның пішінін өзгертуге, бөліктерге бөлуге, мүсіндеуге болады.* ***«Жел» ойын жаттығуы.*** ***Шарты:*** *Құм мен сазды үрлеп көру.* *Не жеңіл? Неліктен?* *Қортынды: Құм жеңіл, ұнтақ; сазда кесек бар.* *Сондықтан құм тез үрленеді.* *Балаларды мадақтау.*	*«Тастар не істеді? Барлық тастар батады ма? Неліктен? (қиыршық тастар ауыр). Қауырсын суға батады ма? Тексерейік. Неліктен қауырсын суға батпайды?* ***Қорытынды:*** *Малтатас ауыр, сондықтан суға батады* ***Балалар сөмкеде түбінде тағы да бір конверт жатыр. Конверттің сыртында өзен. Балықтар, тастардың суреттері тұр. Демек бізге тапсырма берілген. Ашып қарайық. Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ:*** *А3 форматта өзен суретін құрастыру.* ***2-топ:*** *Өзен суын бояу.* ***Тақпақ айту.*** ***«Ақ тас, қара тас,*** *Құлағымның суын аш!»* *Деп секеңдеп балалар,* *Алақанын соғады.* ***3-топ:*** *Өзенге балықтар қиып жапсыру* ***4-топ:*** *Өзенге тастар мүсіндеп жапсыру.* ***Тақпақ айту.*** ***Жарыстырып құлашты,*** *Тас атуға тоймайды.* *Қызықтырып су асты,* *Қайта жалақ ойнайды.* ***Балаларды мадақтау.*** ***Музыка*** ***Тақырыбы: «Мен әдепті баламын»*** ***Дид ойын: «Тату достар».*** *Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.*

	қорытындыға келеді. *түсі, пішіні, өлшемі бойынша тастар, тегіс және кедір-бұдыр болуы мүмкін; салмақтары әртүрлі – жеңіл, ауыр.*	*түсіріп жіберейік, гүлді топыраққа отырғызу керек екенін білсін.* ***Қорытынды:*** *Топырақ өсімдіктер тіршілігіне қажет; Өсімдіктер қорегін топырақтан алады.* ***Дид ойын: «Құм су ішеді»*** ***Мақсаты:*** *Құммен жұмыс істеуге, тәжірибе жасауға қызығушылықтарын дамыту.* *Ойын барысы:* *Балаларға құрғақ құмнан үлкен төбе жасап көрсету. Төбенің жоғарғы бөлігінне жұдырықпен ойпат жасап, оған мұқият жұқа ағынмен су құямыз. Төбеде тағы бір ойпат қалыптасады, ондағы су бірте-бірте жағаларға сіңіп кеткен көлге ұқсайды.* ***«Кішкентай аспаз» ойыны*** ***Мақсаты:*** *Тактильді-кинестетикалық сезімдерді, ұсақ және жалпы моториканы дамыту.* *Балалар (ойыншық) Жануарларға, қуыршақтарға тағамдар ұсынамыз. Бұл ойын үшін пішіндерді қолдануға болады.Құмды суарғышпен суарамыз. Дымқыл құмнан әртүрлі кондитерлік өнімдерді, пирогтарды, рогаликтерді және торттарды жасап көрсету.*	*жылдам жүгіру.* ***Негізгі бөлім.*** ***Жалпы даму жаттығулары*** *(Доптармен).* ***1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*** *Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ.* ***2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*** *Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алшақ, қол төменде. Допты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. келу* ***3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*** *Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу.* ***4. Қос аяқпен секіру.*** *Б. қ. келу* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Алақандағы допты үрлеу».* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1.Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.* *2.Еңіс тақтай үстімен жүру.* ***Қимылды ойын:*** ***«Қояндар мен қасқыр»*** ***Мақсаты:*** *Балалар ойын арқылы шапшаңдықты, ептілікті үйреніп, денсаулықтарын шынықтыруды біледі.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.*		*-Кімнің қандай өнері бар?* *-Кім билегенді ұнатады?* ***Дауыс жаттығулары:*** *Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.* ***Ән үйрену: «Мен әдепті баламын»*** *Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді. түсінеді.* *Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.* ***Сергітужаттығуы:*** *Ойна, ойна, ойнайық,* *Биле, биле, билейік.* *Ойынойнапкөңілді,* *Қызыққатоймайық!* ***Қим ойын: «Досыма гүл сыйлаймын»*** *Шарты: Шеңберде тұрып, гүлді қатарға берген сайын, гүлдерді толықтырып отыру..* *Қортынды. Сұрақ – жауап* *Балаларды мадақтау*
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				

Серуен:	***Картотека №1*** *Ауа райын бақылау*	***Картотека № 2*** *Күнді бақылау*	***Картотека № 3*** *Желді бақылау*	***Картотека № 4*** *Аспанды бақылау*	***Картотека № 5*** *Бұлтты бақылау*
	Жаз серуен картотекасынан				
	Эстафеталық ойындар: ***№1.«Жүйрік паравоз» жарысы*** ***Ойын шарты:*** *Әр топтан бір балакедергілер арасына жүгіріп межеге барып кайта қайтып келіп өзімен бірге бір баланы ала кетеді осылайша вогондар болып құралады. Бірінші болып келген топ жеңімпаз атанады* ***№ 2. Жалаушаны жеткіз*** ***Ойын шарты:*** *Жалаушаны алып қойылған кедергілерден өтіп,жалаушаны келесі балаға береді,бірінші келген топ жеңімпаз болады.* ***№3. «Жаңа орын»*** ***Ойын шарты:*** *бірінші бала айналып жүгіреді, екінші баланың қолынан ұстап, орындыққа отырғызады.*				
Серуеннен оралу	*Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру (тәрбиешінің ұйымдастыруы бойынша) Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».* *- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.* *«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,* *- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.* *- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.* *- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.* *- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.*	***№4.*** *Бір – көтер кәне қолыңды* *Екі – төмен ұста қолыңды* *Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды* *Бес дегенде секір көрсет бойыңды.* *Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.*	***№5.*** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».* *2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.* *3. "Құстар көңілденіп жатыр" – қолды шапалақтау*	***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.* *- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.* *- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау*	***№7.*** *«Күннің оянуы»* *- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.* *- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.* *- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.* *басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.* *«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.*
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үсте	***Сурет*** ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Дәстүрден тыс сурет салу*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Суықта солмайды,*	***Ой дамыту*** ***Суретпен жұмыс***	***Миға шабул.*** *Балалар, егер сендердің қолдарына құс ұшып келіп қонса, не істер едіңдер?* *Балалардың жауабы.*	***Психологиялық дайындық*** *Күн шуағын жинаймын.* *Достарыма сыйлаймын.* ***Қызығушылықты ояту*** ***Тосын сәт.***	***Табиғат туралы жұмбақтар*** *Үй үстінде алтын тас,* *Алайын десем табылмас.* ***(Жұлдыз)*** *Таңмен көзін ашады,*

лүсті ойындары Бейнелеу әрекеті, Кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	*Аязда тоңбайды.* ***(жасанды гүл)*** *Көркіне көрік, Жазға серік.* *Не? (**гүл**)* ***Ой қозғау*** ***-Гүл туралы түсінік беру.*** *-Сұрақ – жауап .* *– Гүл нешеге бөлінеді?* *-Гүл өсіп – өну үшін не керек?* *- Жарық, жылу , су,ауа.* ***Ой дамыту, түсіндірме жұмыс.*** *Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс –тәсілдерін түсіндіру, көрсету* *Ақ қағазға қиылған гүлді қоя отырып, үстінен щеткамен кезекпен төрт түрлі түспен шашырату. Болған соң қиып қойған гүлді жайлап алу, гүл таңбасының іздерін балаларға көрсетіп, түсіндіру.* ***Саусақ жаттығуы:*** ***«Дос болайық»*** *Торғайлармен дос болайық* *Көңілдірек қанекей.* *Жем береміз, бәріміз.* *Егер жаңбыр жауа қалса,* *Тығыламыз бәріміз.* *күн шуағын шашса бізге,* *қуанамыз бәріміз.* ***Өз бетінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу*** *Щеткамен шашырату әдісін балаларға үйрету.* ***Дид ойын: «Біздің көрме»*** *Аяқталған балалардың жұмысын бағалау, мадақтау.* ***Дид ойын: «Гүлдер әлемі»*** *Шарты: 4 түрлі себетке түсіне сәйкес гүлдер жинау. (қызыл, сары, көк, жасыл)*	 *Екі баланы салыстыру.* ***Дид ойын: «Таза болу үшін не керек?»***  ***Сергіту сәті:*** *Таңертең тұрамын* *Бетімді жуамын,* *Тап-таза боламын.2рет* ***Дид ойын: «Қуыршақты жуындрайық»*** *Заттарды шығарып көрсетіп, аттарын балалардан сұрап, қайталату. (сабын, сүлгі, тарақ) Бала үні.* ***Өлең жолы арқылы қорытындылау**.* *Сылдырлайды мөлдір су* *Мөлдір суға қолыңды жу* *Жуынсан сен әрдайым* *Аппақ бетің, маңдайын* *Тазалықтың досы* *Су дегенің осы* *Балалармен бірге қимыл арқылы қайталау.* *Балаларды мадақтау*	***Дид ойын: «Құстарды ата»*** ***Шарты:** Сурет бойынша құстарды атау.* ***Ой қозғау.*** ***«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру, түсіндіру.*** *Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою* *Балалар ойнап жүріп нені көрді?* *Ұяда не бар екен?* *Балалар не істеді?* *Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды?* *Әкесінің сөзінен кейін балалар ?* *Балалардың жасағаны дұрыс па?* *Балалар не істеу керек еді?* ***Сергіту сәті:*** *Ал, балалар , тұрайық,* *Алақанды ұрайық.* *Оңға қарай иіліп,* *Солға қарай иіліп* *Бір отырып, бір тұрып,* ***Топқа бөлу.*** *1- ші топ геометриялық пішіндер арқылы құстарға ұя жапсырады.* *2-ші топ қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін құрастырады.* *2 топқа жұлдызша беру.* ***Дид ойын: «Құсты ұясына қондыр»*** *Шарты. Балалар жасаған құсты ұяға қондыру.* ***Дид ойын. «Құстар қалай***	*Ертегілер әлемінен үш түрлі ковертпен хат келу.* ***1-ші қызыл конверт ашу.*** ***II. Миға шабуыл.*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Өзі қу, жүрген жері айқай да шу* ***(түлкі)*** *-Көзі тостақ, өзі қорқақ.* ***(қоян)*** *Жұмбақтың шешуін түсіндіру.* *-түлкі жыртқыш аң, ал қоян жыртқыш емес.* *-Қоян өте қорқақ аң, оны үйде асырауға да болады.* ***2-ші сары конверт тапсырмасы*** *«Түлкі мен қоян» ертегісімен таныстыру.* ***АҚТ технологиясымен жұмыс.*** ***Түлкі мен Қоян*** *Ерте, ерте, ертеде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Сол үшін қасқыр түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп оның ініне түсіпті. Түлкі болса інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе қасқыр түлкіні жеп қояр еді. Сөйтіп түлкі орманда қайғырып келе жатса ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Содан түлкі жүгіріп барып қоянды ұстап алыпты. Қоян қорыққанынан түлкішек мені жібере салшы мен саған құйрығымды сыйлайын депті. Міне содан бері түлкінің құйрығы ұзын*	*Әлемге нұрын шашады.* ***(Күн)*** *Ғажап көпір аспалы* *Айшықтап тұр аспанды.* ***(Кемпірқосақ)*** *Гүілдейді құлаққа* *Оны ешкім көрмейді.* ***(Жел)*** *Тырс - тырс тамады,* *Сайға қарай ағады.* ***(Жаңбыр)*** ***Жүсіпбек Аймауытов*** ***«Жазғы шілде»*** *Ой, балалар, балалар!* *Шілдем - шілдем, шілде айым.* *Шырлап торғай күн сайын.* *Шұбар ала шешектер,* *Шудаланған көк шөптер,* *Жапырақтар жалпайды.* *Жас қозылар марқайды.* *Ұшты көкек қуалай.* *Сайда пісті таңқурай.*

			дауыстайды?» *Қарға------ қарқылдайды* *Сауысқан----- шақылдайды* *Тоқылдақ --------* *тоқылдайды* *Бұлбұл – сайрайды* *Қаз – қаңқылдайды.* *Торғай – шиқылдайды.* *Көкек – көкектейді.* *Балаларды мадақтау.* ***Қорытынды.*** *Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.* *Бүгін біз не туралы айттық?* *Құстарға қалай қамқорлық жасаймыз?* *Құстардың қандай пайдасы бар?* *Балаларды мадақтау.*	*әдемі де, ал ал қоянның құйрығы қысқа екен.* *Ертегі желісі арқылы сұрақ-жауап.* ***3-ші көк коверт тапсырмасы*** ***Дид ойын: «Қандай жануар?»*** *Шарты: Ойынға конверт дайындалады. Конверттің ортасы дөңгеленіп қиылған. Жануарлардың суреті конвертке салынады. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүшелері арқылы қандай жануар екенін табады.* ***Қортынды.*** *Сұрақ-жауап* ***Түлкі мен Қоянға сипаттама беріңдер.*** *Түлкі қандай?* *-Түлкінің терісі қандай? (үлпілдек, жұмсақ)* *-Түлкінің баласын қалай атайды? (жәутік) екен.* *-Ал, Қоян қандай?* *-Балалар, қоян қалай дыбыстайды? (шыңғырады)* *-Қоянның баласын қалай айтамыз? көжек* *Балалрды мадақтау.*	
Балалармен жеке жұмыс	*Кеудесі қайқандап,* *Жүреді байпандап.* *(Қаз)* *Айдыннан шалқыған* *Телпек көрдім қалқыған.* *(Үйрек)* *Шашы жоқ, тарағы бар.* *Егіні жоқ, орағы бар.* *(Қораз)* *Ақ сарайын талқандап,* *Шықты біреу талтаңдап,* *(Балапан)*	***«Қонаққа барамыз»*** ***Саусақ жаттығулары:*** *Басбармақтың үйіне,* *Келді бүгін қонақтар,* *Бес саусағың біріксе,* *Текке кетпес уақытың,* *Барлық саусақ – тату дос,* *Бір – біріңе көмектес.*	***«Біздің шаңырақ»*** ***Е.Өтетілеуов*** *Атамнан басталар* *Әжеммен қосталар* *Отбасым мынылар:* *Ең жақын адамдар* *Әкем мен анам бар* *Бір туған ағам бар* *Бір туған апам бар...* *Бәрін жақсы көремін* *Еркелеймін еремін!*	***Мен де балғын гүлмін*** ***Автор. М. Байсариева*** *Арасынды гүлдің* *Ойнап бүгін жүрдім* *Қызыл, көкшіл, сары* *Әп-әдемі бәрі* *Енді ғана білдім-* *Мен де балғын гүлмін!*	***«Саусақтар ойнайды»*** ***Саусаққа арналған жаттығу:*** *Бала,бала,балапан,* *Қане,қайсы алақан,* *Саусақтарың әйбат,* *Былай-былай ойнат,* *Бас бармақты атаңдар,* *Балан үйрек тағы бар* *Ортан терек олда бар* *Шылдыр шүмек ол да бар,* *Кішкентай бөбек қарап тұр*

					Бәрінің атын атап жүр.
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.*				
Серуен	***Картотека №1*** *Ауа райын бақылау*	***Картотека № 2*** *Күнді бақылау*	***Картотека № 3*** *Желді бақылау*	***Картотека № 4*** *Аспанды бақылау*	***Картотека № 5*** *Бұлтты бақылау*
	Таңғы серуенді бекіту.				
	Эстафеталық ойындар: ***№1. «Кедергіден өту»*** ***Ойын шарты:*** *Ойыншылар алдарына қатарластырып қойылған гимнастикалық скамейкадан тепе-теңдік сақтап өтіп, доғалдың астымен еңбектеп өтіп белгіленген орыннан айналып қайта кедергіден өтіп келіп , екінші ойыншыға қол сғады . ол ойыншы ойынды жалғастырады.* ***№2.«Кеглиді доппен құлату»*** ***Ойын шарты:*** *2-3 метр қашықтыққа тігілген кеглиді доппен ұрып құлату.* *Қай топ барлық кеглиді құлатса сол топ жеңіске жетеді.*				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* *Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.*	*Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту* *Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 17.06 – 21.06.2024 ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Таңғы қабылдау. Денсаулығына, тазалығына назар аудару. Ата-анамен баланың үйдегі денсаулығы жайында әңгіме жүргізу.* *Балаларға жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс*				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	*Спорт – көркі өмірдің, Спорт-досың, серігің.* *Жаттықсаң шымыр боларсың,* *Шынығып, өсіп, торларсың* ***Қим ойын: «Көлеңке»*** *Мақсаты: балалар қимыл-қозғалыс арқылы ойынды меңгере алады.*	*Спорт дегеназанда,* *Алады да тұрғызып.* *Еріншектіқаз онда,* *Бастайдыойынбірқызық.* *Аязда да тоңбайсың,* *Ыстыққа да күймейсің,* ***Қим ойын: «Жел көбік ойыны»*** *Мақсаты: Балалар өлең жолдары арқылы,бір-бірінің қолынан ұстап, жақын дөңге-лене тұрып, қимыл –қозғалыс-пен ойынды ойнауды біледі.*	*Сергектікті қолдайсың,* *Жалқаулықты сүймейсің,* *Бақыт сенен қашпайды,* *Өнер білген пайдалы* *Спорт соның айғағы* ***Қим ойын:*** ***«Өрмекші мен шыбын»*** *Мақсаты: балалар қимыл-қозғалыспен бақылай отырып, ойындағы кейіпкерді көрсете біледі.*	*Біз бақытты баламыз,* *Шынығада аламыз* *Сәулетті елдің көгінде* *Шамшырақ болып жанамыз* ***Қим ойын: «Ұстап ал!»*** *Мақсаты: балалар белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасай алады.*	***Саусақ жаттығулары:*** ***«Қонаққа барамыз»*** *Басбармақтың үйіне,* *Келді бүгін қонақтар,* *Бес саусағың біріксе,* *Текке кетпес уақытың,* *Барлық саусақ – тату дос,* *Бір – біріңе көмектес.* ***Қим ойын:« Қарлығаш»*** *Мақсаты: балалар ойын арқылы шапшаңдықты, шыдамдықты үйренеді.*
Таңертең-гі гимнасти-ка	***Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Жаттығу түрі - лентамен әуенмен*** ***Маусым айының 3--аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген***				
Таңғы ас	*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.*** ***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.***				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл ған оқу қызмет-тері	***Денешынықтыру*** ***Кіріспе бөлімі:*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру.* *Денені тік ұстау.* *Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.* *Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.* *Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.* *Қол жанда, өкшемен жүру.* *Шеңбер бойымен еркін жүру.* *Шеңбер бойымен тұру.* */ шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім****:* ***/жалаушамен, әуенмен/*** ***Б.қ.: «Желбірейді жалау»*** *Аяқтары иық мөлшеріндө.* *Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты*	***«Неліктен қайықтар жүзбейді?»*** ***Мақсат*** *- желдің пайда болуы үшін ауаны анықтау.* ***Материал:*** *қағаз және көбік қайықтары суы бар ванна.* ***Ертегі арқылы экспериментке көшу.*** *Ертеде көк теңізде қайықтар тұрады, олар ешқайда , ешқандай жолмен жүзе алмайды. Капитандар Күн шуағынан көмек сұрай бастады:* ***Күн шуағы, күн шуағы!*** ***Біздің кемелеріміздің жүзуіне көмектесіңдерші! – деп дауыстайды.*** *Күн оларға жауап береді: «Мен тек теңіздегі суды жылыта аламын!»* *Күн суды қыздырды, су жылиды, бірақ қайықтар әлі жүзбейді.* *Түн болады.. Аспанда*	***Дид ойын: «Су серуендеуге қалай кетті»*** ***Ойын барысы - эксперимент Әңгіме желісі.*** *Жаз мезгілі келіп, балалар қызыққа тоймай ойнап жүргенде, бассейнге су құйып, оны ұмытып кетеді. Біраз уақыттан кейін су жалығып кетеді.* *Міне, мен қанша уақыттан бері осында отырмын, мен ештеңе көрмеймін, бірақ айналада көптеген қызықты нәрселер бар шығар! Ол бассейннен шыққысы келді, бірақ нәтиже болмады - судың қолдары мен аяқтары жоқ. Ол біреуді шақырғысы келді, бірақ бассейндегі судың дауысы тыныш болды - оны ешкім естімеді.* *Біраз уақыт өткен соң аула сыпырушы апай келіп, «Бұл жерге неге суды толтырып*	***Тосын сәт. (тәрбиеші киініп келу)*** *Профессор:* *Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің атым профессор Білгішбек. Бүгін мен сіздерді ғылыми зертханама шақырамын. Сідер зертхананың не екенін білесіздер ма? Сіздерді білімді тапқыр балалар деп ойлаймын. Сол үшін менің сұрағыма жауап береіңдер.* ***Ой қозғау.*** *Балалар зертхана деген не?* ***зертхана – тәжірибелер жасалатын ерекше орын.*** *Сендер эксперимент жасағанды ұнатасыңдар ма?* *– Айтыңдаршы, ғалымдар неліктен эксперименттер мен тәжірибелер*	***Тақырыбы: Менің көңілді, шуақты добым*** ***Эксперимент*** ***Мақсаты:*** *Жеңіл заттардың суда қалқып қана қоймай, сонымен қатар судан «секіріп кетуі» мүмкін екендігі туралы түсінік беру. Тапқырлықты, зейінді, байқағыштықты дамыту.* ***Қолданылатын материалдар:*** *су толтырылған шағын ванна, кішкентай резеңке доп, майлық, қарындаш, қағаз.* ***Процессі:*** *Доппен тығылыспақ ойынын ойнау. - Доп суға батады ма? Балаларды допты қолдарымен ұстап көруді ұсыну. - Ол қандай? (серпімді, жеңіл). Су толтырылған шағын ваннаға допты салу. - Допқа*

	оң – сол жаққа қисайту. /6 рет қайталау/ ***Б.қ.: «Әткеншек»*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/* ***Б.қ.: «Кім жылдам»*** *Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек. /6 рет /* ***Б. қ.: «Жұлдызша»*** *Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және жалаушаны белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет /* ***Б.қ.: «Көңілді жалауша»*** *Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10-рет секіру.* ***Қорытынды:*** *Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.* ***Бастапқы қалыпқа келу.*** ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы -****Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру.* *-Кішкентай допты оң қолдарымен*	*жұлдыздар пайда болады. Капитандар олардан көмек сұрай сұрай бастады:* ***Жұлдыздар, жұлдыздар! Біздің кемелеріміздің жүзуіне көмектесіңдерші! – деп дауыстайды.*** *Жұлдыздар оларға жауап береді: «Біз сендерге тек қайда жүзу керек екеніне жолды көрсете аламыз!» Капитандар ренжиді:* ***«Қайда жүзу керек екенін , біз өзіміз білеміз, бірақ қозғала алмаймыз!»*** *Кенет жел соғады. Капитандар желден көмек сұрай бастады: «Жел, жел! Қайықтарымызға жүзуге көмектесіңдерші!»* *Жел бізге бұл өте оңай – деді . Жел гүгілдеп келіп қайықтарды үрлей бастады. Осы кезде кемелер жүзді. Капитандар қуанып айқайлады.* ***Эксперимент жұмыс.*** *Дид ойын: «Қағаз қайық»* *Шарты: Балаларға қағаздан қайық жасату. Үлкен ыдысқа су құйып дайындау.* *Қайықтарды суға салып бақылау.* *Сұрақ – жауап.* *Қайықтар неге жүзіп бара жатыр?* *Қайықтар жүзу үшін не істеу керек?* ***Қортынды.*** *Балалардың ұсыныстарын тыңдау* *-Қайық жүзу үшін жел керек.* *Желді қайдан «алуға» болады?* *Балалар қайықтарда үрлейді, жел жасайды.*	*қойған деп, оны алып, раковинаға құйды. Су құбырлар арқылы құйылып, үлкен өзенге құйылды, онда басқа су көп болды. Ал біздің суымыз үлкен өзенмен бірге қала арқылы өтіп, әдемі үйлер мен жасыл бақтардың жанынан өтті. Су өзінің ағып бара жатқанына қуанып, «Қандай әдемі, қандай тамаша! — деп ойлады су. «Мен өз бассейнімде отырғанымда, бұл сұлулықты көрмес едім!» Мені серуендеуге жіберген апатайға рақмет деп, су серуенден кете берді.* ***Ой қозғау.*** *Су қалай серуендейді?* *Оның аяғы, қолы жоқ.* *Су ағады.* ***Қане біз кішкентай ғалымдар болып, зерттеу жүргізейік.*** ***Мақсаты:*** *суды әртүрлі заттар – губка, пипетка, алмұрт, майлық арқылы жинауға болатыны туралы түсінік беру.* ***Материал:*** *көбік губка, инесіз пластик шприц, резеңке лампа, су ваннасы.* ***Эксперимент алаңы.*** *Көбік немесе басқа сіңіргіш губканы, резеңке шамды және пластикалық шприцті (инесіз) алу. Кішкене бассейнге су құйып, бірнеше бос ыдыстарды (стакандар, тостағандар және т.б.) дайындау.* *Балаларға губканы суға батырып, оны шыныаяққа қалай сығу керектігін көрсету. Содан кейін резеңке*	*жасайды?* *– Әрине, ғалымдар табиғаттың сырын ашқысы келеді.* *Бүгін біз осы қызықты әрекетті бірге жасамақпыз.* ***Ал сендер үшін менде бірінші жұмбақ бар:*** *бұл залда не бар, көп, бірақ біз оны көрмейміз? Ауа* *- Енді біз осы бөлмедегі барлық адамдар ауаны көре алатындай эксперимент жасаймыз.* ***Эксперимент№1*** ***«Ауаны сезіну» тәжірибесі*** *Міндеті: қоршаған кеңістіктегі ауаны анықтау және оның қасиетін – көрінбейтіндігін ашу. Өзімізге қағаз желдеткіш жасаймыз. Бетіңізге жақын жерге желдеткішті бұлғаңыз.* ***Қорытынды: Ауа көрінбейді, бірақ пальпацияланады.*** ***Эксперимент № 2*** ***«Мен ауаны көремін» тәжірибесі*** ***Міндеті:*** *балаларға ауаны суда көруге болатыны туралы түсінік беру. Коктейль түтігі арқылы суы бар ыдысқа ауаны шығару.Суды үрлеу.* ***Қорытынды: егер сіз ауаны суға шығарсаңыз, ол шар түрінде жиналып, көтеріледі. Ауа судан жеңіл. Су шарларды жоғары***	*не болды, неге ол батпайды?* *(Доп қалқып тұрады, ол жеңіл). Балаларға допты ваннаның түбіне дейін батырып, қолдарымен ұстап тұрып, жіберіп қалуды ұсыну.* *- Допқа не болды? (Ол судың бетінен секіреді).* ***Қорытынды:*** *Доп ауамен толтырылған, ол жеңіл және жеңіл заттар суда батпайды. Су жеңіл заттарды судың бетінен итереді.* *Сол себептен доппен жеңіл болғандықтан ол ұшып, секіреді, біз онымен ойын ойнап, жаттығулар жасаймыз.* ***Қимылды ойын: Доп Мақсаты:*** *Балаларды ұжымшылдыққа, адамгершілікке баулу. Ойын шарты: Балалар қатарға тұрады екі команда болып межеге допты қай команда бірінші апарады сол топ бірінші орынға, марапатқа ие болады. Ал ұтылған топ таппақ не өлең айтып өз өнерін көрсетеді.* ***Музыка*** ***Тақырыбы: «Спорт – біздің досымыз»*** ***Ой қозғау.*** *Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол)*

	себетке лақтыру ***Қимылды ойын:*** ***«Ақ қоян»*** ***Мақсаты:*** *балалардыептілікке, жылдадыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* ***Қортынды****: Еркін жүру.* *Қол белде екі жаққа шұғыл бұрылып жүру. Балаларды мадақтау.* ***Ой қозғау.*** *Балалар сендер ертегі тыңдағыларың келе ме? Балалар: Иә.* ***Ертегі «Теңізде жел соғады»*** *Ерте, ерте, ертеде белгілі бір патшалықта, үш ағайынды өмір сүрген* *Ағасы – Жел айдаушы, ортаншысы – Жел, інісі – Жел үрлеуші* *Бірде олардың арасында дау туады: олардың қайсысы ең қажетті және маңызды. Ағасы алға шығып, дәлелдей бастады.* *Мен күштімін* *Мен бұлт үйірлерін айдаймын* *Мен көк теңізді бұлғаймын* ***Екіншісі:*** *Мен барлық жерде ашық ауада желдеймін.* ***Үшіншісі:*** *Мен самал желді үрлеймін, мен пайдалымын* *Тәрбиеші: Балалар, қатты жел жақсы ма жаман ба? Қалай ойлайсыңдар?* *Балалар: Қатты жел үйлерді қиратады, даусы қатты, көліктерді аударады, ағаштарды құлатады.* *Тәрбиеші: Өте қатты емес жел жақсы, неге деп ойлайсыңдар?* *Балалар: Бұлттарды таратады, үлкен кемелерді жүргізеді, жел дәирмені айналады.* *Тәрбиеші: Балалар, тағы қандай*	***Қайық*** ***Абдрахман Асылбек*** *Көлшікте қайық жүздіріп,* *Қызыққа Болат шын батты.* *Күн, бірақ, қатты қыздырып* *Шалшықты лезде құрғатты.* ***Қортынды*** ***Сұрақ – жауап*** ***Балаларды мадақтау.***	*алмұртпен суды тартып, оны басқа ыдысқа құю.* *Шприцпен де солай жасау.* ***Қортынды: Су не істеді?*** *Су өз орнынан басқа жерге ағып кетеді, ол сұйық зат.* ***Денешынықтыру*** ***Кіріспе бөлімі:*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.* *Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.* *Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.* *Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.* *Қол жанда, өкшемен жүру.* *Шеңбер бойымен еркін жүру.* *Шеңбер бойымен тұру.* */ шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім****:* ***/жалаушамен, әуенмен/*** ***Б.қ.: «Желбірейді жалау»*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /6 рет қайталау/* ***Б.қ.: «Әткеншек»*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/* ***Б.қ.: «Кім жылдам»*** *Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек. /6 рет /* ***Б. қ.: «Жұлдызша»***	***итереді.*** ***Эксперимент №3.*** ***«Ауа алу» тәжірибесі*** ***Міндеті:*** *балаларға ауа бізді қоршаған барлық жерде бар екендігі туралы түсінік беру.* *Мөлдір полиэтилен пакетін ашыңыз, оған ауаны сорып алу үшін, шеттерін бұраңыз.* *Пакет іші ауа болғандықтан, үлпілдеп, тарылып қалды.* ***Қорытынды: ауа мөлдір, көрінбейді, жеңіл.*** ***Эксперимент №5.*** ***«Әуе жұмыстары» тәжірибесі*** ***Міндеті:*** *балаларға ауаның заттарды қозғалта алатыны туралы түсінік беру.* *1. Өз бетінше алдымен желкенсіз қайықтар жасаңыз, оларды суға түсіріп, үрлеңіз, содан кейін желкендерді салып, қайтадан үрлеңіз.* ***Қорытынды: ауа желкенді басады, сондықтан желкені бар қайық жылдамырақ қозғалады.*** *2. Қауырсынға үрлеу.* ***Қорытынды: ауа заттарды жылжытады.*** *Профессор балалар бүгін немен тәжірибе жасағаны ұнады ма?* ***Профессор балалармен қоштасады.***	*туралы ән үйренеміз.* ***Ән айту:*** *«Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме?* ***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Лентамен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында ленталармен созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлғап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге ілесіп қимылдау. Ұлттық ойын «Аққу-қаздар»* ***Дид ойын: «Кім жылдам»*** *-Әуен қалай аталады?* *- Екпіні қандай?* *-Спорт ойындарының қандай түрлерін білесің?* *-Спорт не үшін қажет деп ойлайсың?* *-Суреттегі спорт ойыны қалай аталады?* ***-****Саған спорттың қай түрі ұнайды? Неліктен?* ***Рефлекция*** *Бүгінгі ұоқ туралы балалардың пікірлерін тыңдау қорытындылау, бағалау.*

	Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді. *Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ.* *Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек.* *Көбелекті өлтірмеңдер, ол — әдемілік белгісі.* *Құсты атуға болмайды, құс — адамның досы.* *Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз.* *Табиғатты қорғау деген не?* *-Табиғатты сүйе білу деген не?* *Біз Отанымызды, табиғатымызды қорғау үшін шыныққан шымыр, білімді болуымыз керек.* *Қазірден бастап шынығып жүру керекпіз.* ***Дене шынықтыру*** ***Кіріспе бөлім*** *Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұруды біледі.* ***Негізгі бөлім*** ***Жалпы даму жаттығулары доппен.*** *1.Аяқты алшақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.4-5 рет.* *2.Допты екі қолмен алға ұстау. Отырып тұру.* *3.Допты екі қолмен ұстау. Еденге тигенше еңкею..* *4.Допты еденге қою. Допты айнала секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.* ***Қимыл - қозғалыс жаттығулары.***	***№ 1 зерттеу.*** ***Өсімдіктер қалай тыныс алады?*** ***Мақсаты:*** *өсімдіктің барлық мүшелері тыныс алуға қатысатынын анықтау.* ***Ресурстар:*** *ыдыс мөлдір су, ұзын сабақты жапырақ, коктейль түтігі, ұлғайтқыш әйнек* ***Эксперимент барысы:*** *Біз ауа жапырақтары арқылы өсімдікке өтетіндігін анықтаймыз. Ауаны қалай анықтаймыз? үлкейткіш шыны арқылы сабақтың кесілген жерін тексеріп (тесіктер бар), сабақты суға батырыңыз (сабақтан көпіршіктердің шығуын қадағалау).* ***№ 2 зерттеу.*** ***«Күн өсімдікке қалай әсер етеді»*** ***Мақсаты:*** *Өсімдіктердің өсуіне күн сәулесінің қажеттілігін анықтау. Күн өсімдікке қалай әсер етеді.* ***Барысы: 1)*** *Пиязды ыдысқа отырғызу. Күнге, қалпақ астына және көлеңкеге қою. Өсімдіктерде не өзгереді?* ***2)*** *Өсімдіктен қалпақты алу. Пияз қандай?* *Неліктен ашық түсті? Оны күнге қойып бақылау, пияз бірнеше күннен кейін жасылға айналады.* ***3)*** *Көлеңкедегі пияз күн тұрған жаққа қарай созылады. Неліктен?* ***Қорытынды:*** *Өсімдіктер өсіп, жасыл түстерін сақтау үшін күн сәулесі қажет, өйткені күн сәулесі өсімдіктерге жасыл түс береді және қоректік заттардың қалыптастырады.* ***№ 3 тәжірибе*** ***«Тамыр не үшін керек?»*** ***Мақсаты****: Өсімдіктің тамыры суды сіңіретінін дәлелдеу; өсімдік тамырларының қызметін нақтылау; өсімдіктің құрылысы мен қызметі арасындағы*	*тідіңдер?* *Ненің дыбысы деп ойлай сыңдар?* *Табиғат дегеніміз не?* *Табиғат –бізді қоршаған орта,ауа,күн мен жер және су, орман мен жану арлар.* *-Табиғат нешеге бөлінеді?* *-Тірі табиғатқа не жатады?* *-Өлі табиғатқа не жатады?* ***3-аялдама. Ой дамыту*** *-Тірі табиғаттың адамға қандай пайдасы бар?* *-Өлі табиғаттың адамға қандай пайдасы Бар?* ***4-аялдама. Аққайың*** ***-Саламатсызба ақ қайың!*** *Біз сіздің жіберген хатыңызды алып сізге көмек берейін деп келдік.* ***Ақ қайың:*** *Амансыңдар ма бүлдіршіндерім менің бұтақтарымды қатты жел соғып сындырып тамырымды кептіріп кетті. Маған су құйып, бұтақтарыма көмектесіңдерші.* *Дид ойын: «Аққайың су ішеді»* *Шарты: Ағаштарды суару.* *Ақ қайың рахметін айтады.* *Балабақшаға қайту.* ***Қортынды.*** ***«Таңдап алда, атын ата» дидактикалық ойыны*** *Ғажайып дорбаның ішінен өлі және тірі табиғат бейнелерін таңдап алып,алған заттарыңның*	*жаңбырдың тамшысының тырсылы естіледі).* *- Балалар, тыңдаңдаршы, бір нәрсе тырсылдайтын сияқты. (Балалар таңырқай қарап, тыңдайды.)* ***Ғажайып сәт*** *- Бізге қонаққа Тамшы келіпті.* *- Қане, балалар, қонақпен сәлемдесейік.* *Тамшы: Сәлем, достар! Балалар, мен сендермен достасқым келеді.* *- Тамшы, кел төрлет, біз бүгін су әлеміне зерттеу жасаймыз.* *- Өзіңнің кім екеніңді білгің келе ме?* *- Тамшы: Әрине білгім келеді.* *- Ендеше сен де мұқият тыңдап отыр.* ***Ой дамыту*** *- Көп тамшыдан су пайда болады. Су өмір бойы айналымда болады. Ол жаңбыр болып жерге түседі. Арық болып өзенді құрайды. Содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп, жер бетіне жаңбыр болып оралады.* *- Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді. Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз.* *Су - тіршілік көзі. Оны тамаққа пайдаланамыз, шөлімізді басамыз. Сонымен қатар егін суарамыз, өрт сөндіреміз. Жан - жануарлар, балықтар, құстар да сусыз өмір сүре алмайды.* ***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»*** ***Тәжірибе №1. «Тірі су»***	*Денемізді бұрайық* ***Эксперименттік алаң*** ***«Судың қасиеттері»*** ***Мақсаты:*** *Судың қасиеттерімен таныстыру (пішіні бар, иісі, дәмі, түсі жоқ).* ***Қолданылатын материалдар:*** *Әртүрлі пішіндегі бірнеше ыдыстар, су.* ***Процессі:*** *Әртүрлі пішіндегі мөлдір ыдыстарға су құйып, балаларға су ыдыстың пішінін қабылдай алатынын көрсету.* ***Қорытынды:*** *Судың пішіні жоқ және ол құйылып тұрған ыдыстың пішінін қабылдай алады.* ***Қызығушылықты ояту.*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***Тәжірибе жасау*** ***1-топ. Сүт пен суға тәжірибе*** *Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейті-нін бақылайды.* ***"Су - мөлдір"*** ***2- топ. Суға қант пен тұз қосып тәжірибе.*** *Суға қант пен тұз қосу және судың өзі дәмін татады.* ***"Суда дәм жоқ"*** ***3-топ Бояулармен.*** *Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау.* ***"Су - түссіз"*** ***4- топ. Су және ванилин*** ***Яғни:"Судың иісі жоқ"*** ***Қортынды*** ***Сұрақ-жауап*** ***Су қандай? Балалардың жауабы.*** ***Ө Тұрманжанов***

	1. «Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүру» *2.Обруч ішіне допты екі қолмен лақтыру.* ***Құрлымдалған қимылды ойын:*** *«Түрлі – түсті машиналар»* ***Қортынды*** *Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, ұзындық бойынша тұру.* *Сұрақ – жауап.* *Балаларды мадақтау.*	*байланысты орнату.* ***Қолданылатын материалдар:*** *Қазтамақтың немесе қынагүлдің кесіндісі, кесіндісіне арналған ойығы бар қақпақпен жабылған суы бар ыдыс.* ***Процессі:*** *Тамыры бар қынагүл немесе қазтамақтың кесінділеріне қарау, тамырдың өсімдікке не үшін қажет екенін (тамырлар өсімдіктерді жерге бекітеді), олар суды қабылдайды ма, соны анықтау. Тәжірибе жүргізу: өсімдікті мөлдір ыдысқа орналастыру, судың деңгейіе белгілеу, кесіндісіне арналған ойығы бар қақпақпен тығыз жабу. Бірнеше күннен кейін суға не болғанын анықтау.* ***Қорытынды:*** *Судың мөлшері азайды, себебі, өсімдіктің тамыры суды өзіне тартып алды.*	*атын атап,қасиетін айту. Балаларды мадақтау.* ***Дене шынықтыру*** ***Кіріспе бөлім*** *Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұруды біледі.* ***Негізгі бөлім*** ***Жалпы даму жаттығулары доппен.*** *1.Аяқты алшақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.4-5 рет.* *2.Допты екі қолмен алға ұстау. Отырып тұру.* *3.Допты екі қолмен ұстау. Еденге тигенше еңкею..* *4.Допты еденге қою. Допты айнала секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.* ***Қимыл - қозғалыс жаттығулары.*** *1. «Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүру»* *2.Обруч ішіне допты екі қолмен лақтыру.* ***Құрлымдалған қимылды ойын:*** *«Түрлі – түсті машиналар»* ***Қортынды*** *Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, ұзындық бойынша тұру.*	***Мақсаты:*** *Балаларды судың өмірлік қасиеттерімен таныстыру.* *Қолданылатын материалдар: Тез гүлдейтін ағаштардың жаңа кесілген бұтақтары, суы бар ыдыс.* ***«Тірі су» белгісі.*** ***Процессі:*** *Ыдысты алып, оған «Тірі су» белгісін жабыстыру. Балалармен бірге бұтақтарды бақылау. Осыдан кейін, бұтақтарды суға салып, ыдысты көрінетін жерге қою. Уақыт өткеннен кейін, олар тіріледі. Егер бұл теректің бұтақтары болса, олар тамырларын жаяды.* ***Қорытынды:*** *Судың маңызды қасиеттерінің бірі - барлық тіршілік иелеріне өмір сыйлау.* ***Тамшы:*** *Мен өзім туралы кереметтерді көрдім, мен достарыма айтып беремін. Сау болыңдар*	***«Табиғатты аялайық»*** *Сүйейік табиғатты, аялайық!* *Біз де онан жақсылықты аямайық!* *Анадай табиғаттың аясында Жадырап жас балаша дем алайық!* ***Дид ойын: «Жалғасын тап»*** *Жансыз табиғат - ....* *Жанды табиғат - ....* *Жанды табиғат жансыз табиғатсыз .... (тіршілік ете алмайды)* ***Музыка*** ***Тақырыбы: Қайырлы таң*** *Балалар музыка әуенімен залда қарсы алады.* *Әрбір атқан таңымыз арайлы, бәріміздің жүзіміз жарқын, көңілді, құстарымыз сайрап, гүлдеріміз жайнап тұрса, көктем күні қандай керемет!* ***Ән үйрену: «Қайырлы таң» (Е. Өміров, А. Тойшанұлы)***. *Ән сабырлы, шырқай салынады. Музыка жетекшісі әнді орындап, балалардан ән туралы сұрайды. «Шапақ», «рауан» деген сөздерге тоқталып, түсіндіру. Әнді бөліп-бөліп үйретіп, соңынан қосып айтқызу.* ***Музыкалық аспапта ойнау:*** *«Тұяқтас» аспабымен таныстыру. Ұрмалы аспаптың ойналу техникасын көрсету.* *«Сәулем - ай» әуеніне ырғақпен ұрып көрсету.* *Бірнеше балаларды шығарып, асатаяқ, тұяқтас, сылдырмақтармен әуенге ілесіп ойнау. Балалардың*

			Сұрақ – жауап. *Балаларды мадақтау.*		*қалауы бойынша үйренген билерді қайталау.* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.***
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №20*** *Күннің көзін бақылау.*	***Картотека №21*** *Темір жол бекетін бақылау.*	***Картотека №22*** *Ауа-райының өзгешелігін, ерекшелігін бақылау.*	***Картотека №23*** *Аулада жүрген күшікті бақылау.*	***Картотека №24*** *Телімдегі жәндіктерді (көбелек, қоңызіздеп тауып, бақыла)*
Жаз серуен картотекасынан ***Эстафеталық ойындар*** ***«Кім жылдам»*** *доппен кедергілер арасынан жүріп өту* ***«Кім шапшаң»*** *картоп отырғызу (кішкентай күрек, тырманы белгілі жерден алып, біржерден екінші жерге картоп отырғызу)*					
Серуеннен оралу	***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.***				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***Жаттығу кешені №6*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Жаттығу кешені №7*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Жаттығу кешені №8*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық* ***Картотека қосымша тігілген***	***Жаттығу кешені №9*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық* ***Картотека қосымша тігілген***	***Жаттығу кешені №10*** *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық ,* *Самал жел бізге желпісін,* *Ұйқымызды ашайық* ***Картотека қосымша тігілген***
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер	***«Сиқырлы түстер»*** *дидактикалық ойыны* ***Мақсаты:*** *ойын барысында балалардың назарын және түрлі түстер мен реңктерге қызығушылығын, табиғат сұлулығын қабылдағанда қуаныш сезімін дамыту.* ***Материал:*** *түрлі түсті карточкалар.* ***Ойын барысы:*** *балаларға түрлі-түсті квадраттармен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар*	***«Керемет орман»*** ***Ойынның мақсаты:*** *балаларды өз қиялында олардың схемалық бейнелеуіне сүйене отырып, жағдай жасауға үйрету.* ***Материал:*** *бірдей қағаз парақтары, оған бірнеше ағаштар салынған және аяқталмаған, пішінделмеген кескіндер әр жерде орналасқан. Түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы.* ***Ойын барысы:*** *ересек адам балаларға парақ таратып, ғажайыптарға толы орман салуды ұсынады, содан кейін ол туралы әңгімелеп береді.*	***«Көкөністер мен жемістер»*** ***Мақсаты:*** *жемістер мен көкөністерді сипаттап айтуға үйрету. Олардың пайдасы туралы түсіндіру.* ***Құрал-жабдықтары:*** *Жемістер мен көкөністердің суреттері* ***Ойынның барысы:*** *Көкөністер мен жемістер суреттерін салатын қалташалар тақтаға ілінеді. Үстер үстінде суреттер аралас жатыр. Шақырылған бала өзіне ұнаған жеміс немесе көкөністі танып алады да қалтаға салады. Қайда өсетіні, түсі, пішіні, дәмі туралы сипаттап айтады.*	***«Суретші»*** ***Мақсаты:*** *Есте сақтау қабілетін дамыту* *Құрал-жабдықтары: Ақ парақ, қарындаш* ***Жүргізілу барысы:****Тәрбиеші балаларға кез-келген геометриялық бейнені салуды ұсынады. (төрбұрыш, үшбұрыш, шаршы)* *Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап біткенннен кейін тәрбиеші балалардың суреттерін жинап алып, суретте не*	***«Қуыршақты киіндір»*** ***Мақсаты:*** *Қуыршақтың жетіспейтін киім-кешегін қиып жасауды, ретімен киіндіруді үйрету.Ұқыптылыққа, әсемпаздыққа тәрбиелеу* ***Құрал-жабдықтары:*** *Конверт ішінде қатырма қағаздан қиылған қуыршақ бейнесі, ұл және қыз баланың киімдерінің 2-3 түрі.* ***Жүргізілу барысы:*** *Тәрбиеші әр балаға конверт үлестіріп береді. Балалар конвертті ашып*

)	*балалар оларды өсіреді.*			*слалынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды.*	*қуыршаққа арналған киімдерді атын атап, ретімен киіндіреді.*
Баламен жеке жұмыс	***Дид ойын: «Өзім және отбасым»*** ***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.*	***Дид ойын: «Құстар біздің досымыз»*** ***Мақсаты:*** *Балалар құстар туралы білім түсініп,. құстарға қамқорлықпен қарауды біледі.*	***Дид ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?»*** ***Мақсаты:*** *Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсіне отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді.*	***Дид ойын: «Суреттші қай жерде қателесті?»*** ***Мақсаты:*** *Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады.*	***Дид ойын «Әдемі гүл»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады.*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Картотека №20*** *Күннің көзін бақылау.*	***Картотека №21*** *Темір жол бекетін бақылау.*	***Картотека №22*** *Ауа-райының өзгешелігін, ерекшелігін бақылау.*	***Картотека №23*** *Аулада жүрген күшікті бақылау.*	***Картотека №24*** *Телімдегі жәндіктерді (көбелек, қоңызіздеп тауып, бақылау)*
Эстафеталық ойындар ***1.Мергендер.*** *Баскетбол торына доп лақтыру (баскетбол добын кедергілер арасынан бір қолмен алып жүріп, себетке салу).* ***2.«Жалауды тез жеткізу»*** ***Шарты:*** *Кеглиді айналып жүріп, жалаушаны 2 - балаға жеткізу*					
Балалардың үйге қайтуы	*Ойын бұрышына жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Неге керек?» Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.*	*Кітап бұрышын жинау. Дидактикалық ойын: «Неге керек?». «Кімді көрдің». Бала жайында ата – анамен әңгіме. Сау болыныз.*	*Топ бөлмесіне жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Орнын тауып бер» Мен үйге барамын.*	*Суретпен жұмыс. Өз ойларынша әңгімелеу. Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.*	*Демалыс күндері жайлы әңгімелеу. Тазалық туралы ескерту. Сау болыңыз.*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы 2- апта

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 05.08 – 09.08.2024ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Балаларды қабылдау кезінде ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* *Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы*				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	*Балалармен өсімдіктер туралы әңгіме жүргізу* ***Қимылды ойын: «Тышқан мен қонжық»Мақсаты:****Терең ырғақты дем алып шығаруға жаттықтыру,қимылдың дұрыстығын дамыту,омыртқа бұлшық етін дамыту.*	*Балалармен құстар туралы әңгіме жүргізу* ***Қимылды ойын: «Жел»*** ***Мақсаты:*** *қимылдардың үйлесімділігі, оң, сол, жоғары, төмен түсініктерін қалыптастыру.Терең ырғақты дем алуын дамыту.*	*Балалармен табиғат әлемі туралы әңгңме жүргізу.* ***Қимылды ойын: «Поезд»*** ***Ойынның мақсаты:*** *тыныс алуын жақсартып, ұжымда әрекет жасауға, дыбысқа жауап беруіне дағдыландыру*	*Балалармен денсаулық туралы әңгіме жүргізу* ***Қимылды ойын:*** ***«Мысық пен тышқан»*** ***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.*	*Балаларға дәрумендердің пайдасы туралы әңгімелеу.* ***Қимылды ойын:*** ***«Қолшатыр»*** ***Мақсаты:****балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.*
Таңертеңгі гимнастика	***Тамыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*** ***Мақсаты:*** *Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту.* *Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу*				
Таңғы ас	***Тәтті тамақ жейміз.*** ***Рақмет аспаз дейміз.*** *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***ҰІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..*** ***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.***				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	***Дид ойын: «Балық аулау»*** ***Шарты:*** *Ойынға әр балықшыға 10 балық, 2 шелек, арқанның ұшында ілгегі бар 2 қармақ қажет. Әр командадан бір қатысушы шақырылады. Балықты аулау,шелекке салу. Кім көп ұстаса, сол жеңеді.* ***Ой дамыту.*** *Енді маған келіп, үстелде не бар екенін қараңдар. Үстел үстінде балықтардың суреттері бар. Біз оларды мекендеу орындарына қарай бөлейік.Ол үшін кім қай балықты таңдағысы келетініне байланысты үш топқа бөлінеді.*	***Ертегілер еліне саяхат*** ***Алтын балық ертегісін түсіндіру.*** ***Тосын сәт.*** ***Хат келу, оқу.*** *Құрметті балалар мен алтын балықпын маған тез арада көмек керек. Байқаусызда теңізге құлап, үйіне аквариумына дейін өздігінен жүзе алмайтын алтын балық бізден көмек сұрайды. Біз оған көмектесуге тырысуымыз керек.* ***Ой қозғау***. *Балалар,біз су патшалығына саяхатқа барамыз ба? Сендер ертегіні тыңдадыңдар, онда алтын балық тілекті орындайды, бірақ біздің саяхатымызда біз керісінше*	***Ой қозғау.*** *- Балалар, саяхатқа шығып әлемді шарлаған ұнай ма?* ***Саяхатты хабарлау.*** *- Олай болса бәріміз кемеге отырып теңізге саяхатқа шығуға дайындалайық. Мен кеме капитаны боламын, ал сендер зерттеуші боласыңдар. Қане, өз орындарыңа жайғасыңдар.Ал балалар көңілімізді көтеріп ән салып барайық.* *Алыс – алыс елдерге,* *Орман, тоғай көлдерге* *Саяхаттап барамыз* *Теңіз түбін көруге* *- Балалар қараңдаршы! Белгісіз аралға келіппіз, жан-жағымызға қарайықшы, аралды толқыған су қоршап*	***Қызығушылықты ояту*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ шешу*** *1. Жер бетінде бір шықпас,* *Су түбінде тұншықпас* *Сөйлемейді, үндемейді.* *Пісірсе оны кім жемейді.* *(Балық)* *2. Аузы бар, тілі жоқ,* *Терісі бар, жүні жоқ.* *Қанаты бар ұшпайды,* *Су астында қыстайды.(Балық)* ***Ой дамыту*** ***АҚТ технологиясымен жұмыс*** *-Балықтар тек суда ғана тіршілік етеді, сондықтан олардың дене пішіні мекен ететін орны мен тіршілік жағдайларына байланысты*	***Таңғажайып сәт*** ***Беседкадан сандықша тауып алу.*** *- Бұл неғылған сандықша екен , ішінде не бар ,ашып көрейік. Қараңдар, балалар, сандықта кітап бар екен. Кітаптың іші толы жұмбақтар жауабын тауып көреміз бе?* ***Миға шабуыл*** ***Жұмбақты шешу:*** *1. Суда өседі, өнеді,* *Сыртқа шықса өледі.* ***(балық)*** *2.Өзі алып кемедей,* *Дауылдан ықпайды.* *Су малып телегей,* *Мұхиттан шықпайды.* ***(кит)*** *3. Асты тас, үсті тас,* *Ортасында жанды бас****.(тасбақа)***

	Қандай балық суреттерін таңдадыңыз? Оларды атау. ***1 топ.*** *Теңізде өмір сүретін балықты таңдаған* *Олар не теңізші.* ***2 топ*** *Тұщы суда өмір сүретін балықты таңдады.* *Олар не тұщы су.* ***3-топ*** *Аквариумда өмір сүретін балықтарды таңдады. Олар аквариумдар.* *Балалар, мен сендерге дайындаған мына балықтарды өз мекеніне жапсыру керек.* *Бақылау.* ***Дид ойын: «Жақсы – жаман» ойыны (ТРИЗ)*** ***Шарты:*** *Жақсылап ойланып, балықтың несі жақсы, несі жаман екенін айту керек.* *-Балықты жеген дұрыс.* *-Аквариум балықтарын тамашалау жақсы.* *-Балық аулау балықшыларға рахат әкеледі.* *- Балық майы өте пайдалы.* *-Аквариумдағы суды жиі ауыстыруға тура келеді.* *- Балықтың иісі жағымды емес.* *- Балықтың сүйектері көп, тамақ ішкенде сүйекті жұтуға болмайды.* *-Балық қымбат.* *Ой қозғау.* *Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз балықтар туралы көп әңгімелестік, олардың қалай және немен тыныс алатынын білдік. Ал енді сізге ең ұнайтын балықтың сәнін салайық.* ***Дид ойын: «Балықты әсемде»***	*басқа алтын балыққа көмектесеміз.* *- Біздің балықтардың үйіне жүзіп келуіне көмектесетін бірнеше тапсырмаларды орындауымыз керек.* ***1- тапсырма: Дид ойын: «Не қайда тұрады?»*** *Шарты: : Балық бейнеленген суреттерге қарап, теңіз, өзен, аквариум, балалар суреттерді дұрыс орналастырып, өз мекеніне* ***жапсыру керек.*** *Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, тапсырманы орындадық, осы уақытта сіздердің көмектеріңізбен алтын балық аквариумға дұрыс жол тауып, өз үйіне қарай жүзіп келеді.* *-Бірақ балыққа өз үйіне кіргенше көмектесу үшін мына тапсырманы орындауымыз керек.* *Қазір біз ойын ойнаймыз,* ***Дид ойын: «Балық туралы не білеміз» деп аталады.*** *-Балықтар қайда мекендейді? (аквариумда, тоғанда, өзенде, көлде, теңізде)* *Балықтың денесі немен жабылған? (қабыршақпен)* *Балықтар суда қалай қозғалады? (қанаттар мен құйрықты пайдалану арқылы)* *Балықтар немен тыныс алады? (желбезекпен)* *Теңізде тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (теңіз балықтары)* *Тұщы суда тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (тұщы су)* *Аквариумда тіршілік ететін*	*жатыр, енді осы аралға түсіп көрейік.* ***Қызығушылықты ояту****.* *Бәріміз көзімізді жұмып, теңіздің түбіне түсіп, көз алдымызға теңіз түбін елестетіп көрейік.* *- Балалар, қараңдаршы, мынау кай теңіз жануары?* *- Ия, дельфиндер (суреттер) кейде тұмсығымен соғып, акуланы да өлтіріп қоятын кездері болады. Аккуланың өзі де дельфиннен қорқатын сәттері жиі кездеседі.* *- Делфин туралы не білесіңдер?* *- Дельфин эмоцияға толы көңілді, әзілкеш, топтасып өмір сүретін тіршілік иесі және өте ақылды, адамдардың досы.* *- Аккуланың түрлері өте көп. Барлық теңіздер мен мұхиттарда кең тараған, оның көру қабілеті жақсы жетілмеген,ал иіс сезу қабілеті өте жақсы.* *- Мынау теңізді мекендейтін қай жәндік?* *- Балалар сегізаяқ су астында баяу қозғалады.* *- Су астында тағы да көптеген жәндіктер кездеседі - теңіз тасбақасы, теңіз аты, медуза, теңіз шаяны. Олар туралы келесі жолы танысамыз.* *- Ал, балалар, сендер шаршаған шығарсыңдар, бойларымызды сергітіп, жаттығу жасап алайық.* ***Сергіту сәті:*** *Балық жүзді таза суда,* *Бір керіліп, бір жиырылып.* *Жүзіп, жүзіп шаршағанда,* *Тығылады тасты құмға.* *Саяхаттан оралу.*	*алуан түрлі болып келеді.* ***Балықтың пайдасы?*** *-Балықтың мойынан қажетті бірнеше түрлі дәрумендер алынады.* *-Қабыршағынан інжу жасалады.* *-Мойынан ыстыққа төзімді бояулар дайындалады.* *-Акула терісінен егеу дайындалады.* *-Акула бауырынан дәрі жасалады.* *-Балықты қолдану арқылы бауыр ауруларының алдын алуға болады.* ***Аквариумдағы балық күтімі.*** *Аквариумды күн сайын ұқыпты түрде күту керек, Алдымен аквариумға су құямыз, сосын түбіне құм себеміз. Енді аквар-иум өсімдіктерін отырғызу. Саусаңымызбен үңгір қазып алып, оған өсімдіктің тамырын бекітеміз. Балықтарға ыңғай-лы мекен қалыптастыру үшін, аквариумға балықтарды жібе-реміз. Күн сайын аквариумға назар салып қараған дұрыс. Балықтар теңселмей бірқалып-ты жүзеді, денесінде ешбір дақ болмайды. Тамақты таңертең және кешке берген дұрыс.* ***Сергіту сәті:*** *Әуенмен « Балықтар» биін билейді.* ***Күтім түрлері*** ***Кезеңдік күтім:*** *Аквариумдағы өсімдіктерді күтіп, суды ауыстырып отыру кезеңдік күтімге жатады.* ***Мерзімдік күтім:*** *Көктем*	*4. Адамдардың досы,* *Сүйкімді де өзі.* *Балыққа өзі жатпайды,* *Бірақ сумен ойнайды.* ***(дельфин)*** ***Проблемалық сұрақ.*** *Балықтар қайда өмір сүреді?* *Егер балықты ұстап алып құмға тастасақ не болады?* ***Неге? Жауаптар.*** *- Балалар, ластанған суда тіршілік болады ма?* *- Неге?* *- Сен қалай ойлайсыңдар?* *– Егер балықтар сөйлей алса, бізге не айтады екен?* *- Суды ластамаңдаршы.* *- Суға қоқыс тастамаңдаршы* *- Машиналарды келіп судың жағасына жумаңдаршы.* *- Ау-қармақ дегенді бейберекет* *сала бермеңдерші.* *- Бізге жиі қамқор болыңдаршы* *- Табиғатты үнемі аялап күтіңіздерші –деп бізге өтініш жасар еді.* *Сондықтан біз табиғатты қорғау керекпіз.* *Жарайсыңдар балалар!* ***Қортынды*** *Балаларды мадақтау.* ***Музыка*** ***Тақырыбы: «Ғажайып құстар дауысы»*** ***Музыка тыңдау:*** *Балаларды музыка тыңдауға шақырады. Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады.* *Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал

	Шарты: *Дененің пішініне, құйрығына, қанаттарына назар аудару. Олар бір-бірінен мүлде ерекшеленеді және біз мұны өз жұмысыңызда көрсетуіміз керекпіз.* ***Қортынды:*** *Достарыңа балық туралы қандай жаңа және қызықты нәрселер айта аласыңдар?* *Балаларды мадақтау.* ***Денешынықтыру /жалаушамен, әуенмен/*** ***Кіріспе бөлімі: Бекіту*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім****:* ***Жалпы даму жаттығулары*** ***Б.қ.: «Желбірейді жалау»*** ***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.4 р* ***Б.қ.: «Әткеншек»*** ***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермеу. /5 рет/* ***Б.қ.: «Кім жылдам»*** ***3.*** *Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.* ***Б. қ.: «Жұлдызша»*** ***4.*** *Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға*	*балықтар қалай аталады? (аквариум)* *Балықтың жануарлардан қандай айырмашылығы бар? (жерде қозғала алмайды, табандары жоқ)* *- Адамдар балықты қалай ұстайды? (торлармен, қармақпен)* *Балық аулайтын адамды қалай атайды? (балықшы)* *Тәрбиеші: сендер балық туралы көп білесіңдер, жақсы жұмыс жасадыңдар, алтын балық үйіне жақынырақ жүзіп кетті.* ***Сергіту сәті. Музыкамен*** *балалар, сендерге тағы бір тапсырма бар.* ***Дид ойын: «Суретті жина»*** ***Шарты:*** *бөлінген суреттерді құрастыру керек.* *- Жарайсыңдар, барлығы орындады, алтын балық біздің көмегіміз үшін өте риза, бірақ біз саяхатымыздағы соңғы тапсырманы орындауымыз керек.* *Біз сендермен шағын тәжірибе жасаймыз.* ***Дид ойын: «Алтын балық»*** ***Шарты:*** *Бояулардың көмегімен ақ балықты «алтынға» айналдыру.* ***Практикалық жұмыс.*** *Балалар сызбалары бар парақтарды түсті суға түсіреді, педагог балалардың мұқият жұмыс істеуі үшін бақылайды.* *Қажет болған жағдайда жеке көмек көрсету.* ***Тәрбиеші:*** *бүгін біз жақсы жұмыс жасап, алтын балыққа көмектестік.*	***Қортынды*** *- Саяхатымыз ұнады ма?* *-Балықтар қайда мекендейді?* *-Балықтар неше топқа бөлінеді?* *-Балықтардың қандай пайдасы бар?* *Балаларды мадақтау.* ***Денешынықтыру /жалаушамен, әуенмен/*** ***Кіріспе бөлімі: Бекіту*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім****:* ***Жалпы даму жаттығулары*** ***Б.қ.: «Желбірейді жалау»*** ***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.4 р* ***Б.қ.: «Әткеншек»*** ***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/* ***Б.қ.: «Кім жылдам»*** ***3.*** *Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.* ***Б. қ.: «Жұлдызша»*** ***4.*** *Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу* ***Б.қ.: «Көңілді жалауша»*** ***5.*** *Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Үйшік» - тік тұрып, аяқты*	*мен күзде жасалуы. Көктемде жарық бергіш құрал мен жылытқыш құралдың күшін төмендетіп, құралдарды жуып тазалап, ескі өсімдіктерді жоямыз. Ал күзде аквариумды қысқы тәртіпке ауыстырамыз.* ***Балықтардың көбеюі:*** *Балықтар уылдырық арқылы көбейеді. Уылдырықты көп шашатын балықтар –сазан, шортан, көксерке.* ***Балықтарды тағам ретінде пайдалану жолдары:*** *балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге , балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады* ***Қортынды*** *Сұрақ-жауап* *Балалрды мадақтау.*	*балапанның дыбысы жіңішке болатыные түсіндіреді.* *Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.* *Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды.* ***Ән үйрену: «Торғай ағаш қорғайды» Қ.Қайым*** ***«Бөдене әні»(Р.Байқоңыров, А.Асылбеков).*** *Орындалып, ойын ұйымдастырылады.* ***«Босторғай»(Е.Құсайынов, А.Асылбеков).*** *«Көкек» (Б.Аманжолов). -әр құстың әнінен бір шумұғын орындатып үйретеді. Әндердің бар мәтінімен танысып болған сон, топ балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді айтуға үйретеді. Жетекші қыздарға «шөжелерім» биін қайталатады.* *Ұлдардың қолдарына қамшы беріп, «тұлпарым» биін үйретеді.* ***Дидактикалық ойын: «қандай дауыс?»*** *ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидиктикалық ойынмен жалғастырып ұыретеді, есте сақтау қабілетін, есту қабылетін дамытады. Текшеде мысық пен мысықайдын суреті болады, мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек.*

	созу ***Б.қ.: «Көңілді жалауша»*** ***5.*** *Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.* ***Қимыл-қозғалыс жаттығулары.*** *-Доға астынан еңбектеп өту* ***Қимылды ойын****: « Құстар жем жейді»* ***Қорытынды:*** *Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.* ***Бастапқы қалыпқа келу.*** ***Балаларды мадақтау.***	*Көмегіміз үшін рақмет айтты.* *Алтын балық қарны ашқан секілді, оған жем жасап беріп қуантайық.* ***Дид ойын: «Балықты жемдейміз»*** ***Шарты:*** *Ермексаздан әр түрлі түсті жем жасау.* ***Қортынды*** *-Бізге неден хат келді? Сұрақ-жауап.* *балаларды мадақтау*	*бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.* ***Қимыл-қозғалыс жаттығулары.*** *-Доға астынан еңбектеп өту* ***Қимылды ойын****: « Құстар жем жейді»* ***Қорытынды:*** *Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.* ***Бастапқы қалыпқа келу.*** ***Балаларды мадақтау.***		
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №12***	***Картотека №13***	***Картотека №15***	***Картотека №19***	***Картотека №20***
	ЭСТАФЕТАЛЫҚ ОЙЫНДАР ***1.Самокат тебу.*** ***Шарты:*** *Самокатпен жүріп кедергілердің арасынан өтіп жарысу.* ***2.Арқан тарту.*** ***Шарты:*** *Белгі бойынша әрбір топ арқанды өз жағына арай тартады. 3 рет тартысқаннан кейін 2 рет өз жағына арқанды тартып шығарған топ жеңімпаз болып танылады.*				
Серуеннен оралу	*Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру (тәрбиешінің ұйымдастыруы бойынша) Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты*				

	аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***Жаттығу кешені № 16*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***Жаттығу кешені № 17*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені № 18*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***Жаттығу кешені № 19*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***Жаттығу кешені №20*** *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық ,* *Самал жел бізге желпісін,* *Ұйқымызды ашайық*
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет.Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	***Музыкалық ойын жаттығулар*** ***Сиқырлы текше*** ***Мақсаты:****Текшедегі аңдардың дауысын келтіріп, тембырын өзгерту мүмкіндігінше жоғару көтеру.* ***Ойын шарты:****Көңілді қиын емес әуен ойналады. Педагог және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір біріне қолдарына беріп, тақпақ айтады.* – *Алма кепті домалап,* – *Көше бойын аралап.* – *Кім алманы табады,* – *Сол ойыннан шығады.* *Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Педагог текшеде қандай сурет екенін балалардан сұрайды. Балалар жауап береді. Егер текшеде мысықтың суреті болса, педагог ол балаға мысықтың қалай амандасатын көрсетуін сұрайды.*	***Музыкалық ойын жаттығулар*** ***Күннің көзі және бұлт*** ***Мақсаты:****Әуеннің мазмұнын ажырата білу.* ***Ойын шарты :****Балалар пьесаны тыңдайды. Пьесаның мазмұны көңілді болса - күннің көзін шығарады, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәйғана орташа болса - күннің көзімен бұлт арласқан карточканы шығарады. Балалар жауаптың дұрыстығын өздері бағалайды.*	***Музыкалық ойын жаттығулар*** ***Ырғақтық лото*** *Нотаның ұзындығын ажырату.* ***Ойын шарты:****Көрнекті құралға орнатылған ноталар бойынша, қай кезде қысқа, қай кезде ұзын нота келетінін ажыратып, сол әуенді шапалақпен орындап беру.*	***Музыкалық ойын жаттығулар*** ***Қатты және ақырын әуен*** ***Ойын шарты:****Пьеса ойналады. Балалар оның көңілді, ойнақы мінезін анықтайды. Осы пьесада музыка қалай өзгергенін айтады. (қатайды ма?, ақырындады ма?) Пьеса қайта ойнағанда осы көрнекті құрал арңылы музыканың мінезінің өзгерісін, яғни музыка баяу болса ашық түсті төртбұрыштыны, біраз қаттырақ болса, - қоюлау боялған төртбұрыштыны қояды. Балалар тапсырманың дұрыс орындалуын бағалап, қателік болса түзетеді.*	***Ырғақ сезімдерін дамытуға арналған ойындар*** ***Біздің саяхат*** ***Ойын шарты:****Балалар шеңберде отырады, ән – күй жетекшісі балаларға саяхатқа баратындарын айтады.Бізге музыкалық балға көмектеседіКөз алдарыңа елестетіп, қимыл қозғалыстарды орындаймыз* ***1. Баспалдақтан баяу, асықпай түсеміз;*** ***2. Далаға шықтық күннің көзіне қуанып жүгірдік;*** ***3. Айгерім допты алып жерге соға бастады;*** ***4. Балалар тез секірді;*** *Бірақ күн күркіреп жаңбыр жауа бастады, алдымен ақырын, сосын қатты жауды.Балалар қорқып тез-тез балабақшаға оралды.(осы қимылдардың барлығын ән-күй жетекшісі музыкалық балғамен ойнайды.*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Картотека №12*** *Жәдіктерді бақылау.*	***Картотека №13*** *Күннің көзін бақылау.*	***Картотека №15*** *Ауа - райын бақылау.*	***Картотека №19*** *Көлік түрлерін бақылау.*	***Картотека №20*** *Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау.*
Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту. ***ЭСТАФЕТАЛЫҚ ОЙЫНДАР*** ***1. «Кім жылдам?» Шарты:****Түрлі - түсті доптардың ішінен екі команда көк және сары түс доптарды теріп алып келу.* ***2. «Межеге жету» Шарты:*** *Жалаушаны алып, межені айнала жүгіріп келу*					

Балалардың үйге қайтуы	*Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу*	*Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.*	*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)*	*Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.*	*Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы 3- апта

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 12.08 – 16.08.2024ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгімелесу	Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Бұны қай кезде киеді?»*** Ойын шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу. ***Аяғымызбен жер тебеміз*** Ойнаушылар қимылдаған кезде, көршісіне тимейтіндей қашықтықта дөңгеленіп тұрады.	***«Жол әліппесі»*** ***Мақсаты:*** балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру ***«Күн мен түн»*** ***Шарты: Тәрбиеші балалармен айтады:*** Күн шықты, күн шықты, Жап –жарық айналаң. Балалар ойнайды, Көңілді, жайнаған.	***«Әдемі гүл»*** Ойынның шарты: Гүлдерді түстері бойынша жинау. ***«Ұйқышыл түлкі»*** ***Шарты:*** Түлкіні сайлайды. Ол бұрышта тығылып ұйықтап жатады. Оған қарама-қарсы жақта қояндардың үйі. Қояндар әр жаққа жүгіріп жүреді.	***«Гүлдерді күтеміз»*** Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету. ***«Ұшақтар»*** ***Шарты***:Балаларды ойын алаңында еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық балалар ұшақ болып ұшады.	***«Нан қалай жасалады»*** Ойын шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі. ***«Аңшы мен қояндар»*** ***Шарты:*** Тәрбиеші бір баланы аңшы қылып сайлайды, қалған балалар қояндар.
Таңертеңгі гимнастика	***Тамыз айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*** ***Мақсаты:*** Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу				
Таңғы ас	Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	***ҰІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.***				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	***Қызығушылықты ояту.*** Енді біз әртүрлі көлікпен саяхатқа шығамыз **.** Мен барлығыңа қиынды суреттерді таратамын, ал сендер оларды жинап, кім қандай көлікпен саяхаттайтынын айтады. ***Дид ойын: «Суреттерді жинаймыз»*** ***Шарты:*** Көліктің суреттері беріледі Балалар суретті жинап, атын айтады және осы көлік түрі туралы әңгімелейді .	***Тосын сәт.*** Бізге бейтаныс адам хат жазыпты. Достарым жаңа үй салуға кірісіп, барлық қажетті материалдарды жеткізуімді өтінді. Велосипедпен материалдарды әкелу мүмкін болмады! Бірақ әуеде ұшатын, өзендерде қалқып жүретін көліктер бар деп естідім . Маған бұл туралы айтыңыздаршы, оны анықтауға көмектесіңіздерші.	***Дид ойын: «Ненің даусы?»*** (бейне таспадан машиналардың гүрілдеген дауыстары естіледі) -Балалар бұл ненің даусы? Дұрыс айтасыңдар бұл машинаның даусы бұл машинамен келген кім екен бәріміз есік жаққа қарайықшы. ***Тосын сәт.*** **-** Балалар, бізге қонаққа қонжық келіп тұр.Ол бізден	***Қызығушылықты ояту.*** Сәлеметсіңдер ме балалар! Бүгін бізге қонаққа Ұзын құлақ қоян келді. Қоянмен сәлемдесейік. Сәлеметсің бе қоян! ***Қоян:*** Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендерге орманнан секіріп келе жатып, бір тесіктің астынан қорап тауып алдым, оның қасында хат тұр екен. Бірақ қорап ашылмайды. Мен әлі кішкентай	***Қызығушылықты ояту Өлең оқу.*** «Жолың болсын!» - дейді -Атам шықса сапарға «Жолың болсын!» - дейді апам. Апам шықса сапарға «Жолың болсын!» - дейді олар Үлкенге де кішіге. «Жолың болсын!» - дейді олар Ұшырасқан кісіге.

	Психологиялық сәт. *Балалар, қазір көзімізді жұмып елестетейік, біз әртүрлі көліктерді айдап келе жатырмыз , көліктеріміз өзімізге ұнай ма?* ***Тосын сәт.*** *Қараңдаршы бізге суретші хабарлама жіберді. Ол суреттер салған . Балалар, қараңдаршы мына суреттер дұрыс салынған ба?* *Балалар: Жоқ.* *Ол нені салғысы келді?* *Балалар: көліктерді.* *Ол не ұмытты?* ***Балалар:*** *дөңгелектерін.* *Дұрыс. Балалар сызбаларды аяқтауға көмектесеміз бе?* ***Шығармашылық бұрыш.*** ***Дид ойын: «Аяқталмаған суреттер»*** *Дөңгелегі жоқ көлік, қанаты жоқ ұшақ, винтсіз тікұшақ. Балалар жетіспейтін элементтерді толықтырады. Балаларды бақылау.* ***Сергіту сәті.*** *Біз ауада ұшамыз, (қолдар екі жаққа, дене алға еңкейтілген)* *Кемеде тұрмыз, (дене алға еңкейтілген, қол маңдайда, алысқа қараймыз)* *Көлікпен біз жылдам, жылдам жүреміз, (қолдар рульді ұстайды, рульді бұрыңыз)* *Пойыз бар жылдамдықпен жүгіреді (қолды шынтақтан бүгіп, пойыз қозғалысы)* ***Дид ойын : «Кім нені басқарады»*** ***Шарты:*** *ойын доп арқылы жүзеге асырылады* *Мақсаты : Грамматикалық құрылымды жетілдіру, тақырыптық суреттерді*	*Қандай көлік жүреді және ол неге арналған.* ***Жауап күтемін.*** ***Бейтаныс достарың.*** ***Тәрбиеші:*** *Балалар, сендер осы адамға көмектесуге дайынсыңдар ма және оған көліктер туралы білетіндеріңді айтасыңдар ма ?* ***Балалар:*** *Иә, дайынбыз!* ***Ой дамыту.*** ***Беседкада жапсырылған көлік суреттерімен жұмыс.*** *«**Көлік**» сөзінің өзі қозғалысты білдіреді. Сондықтан көлік әдетте кеңістікте қозғалатын нәрсе деп аталады және бір мезгілде жүктер мен адамдарды тасымалдады. Мен біздің топта кімнің тапқыр, ұшқыр екенін білгім келеді.* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақтар тыңдау:*** *1.Тізбектелген көп үйлер, Көшіп жүрген көк үйлер.* ***Поезд.*** ***№1 карточкамен жұмыс.*** ***Поезд құрастыру.*** ***2.*** *Құс сияқты құс емес, Жүрсе де тым биікте. Қақпайды бір қанатын Жүрсе де тым биікте* ***Ұшақ*** ***№2 карточкамен жұмыс.*** ***Ұшақ бөліктерін біріктіріп жапсыру.*** *3. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі.* ***Қайық*** ***№3 карточкамен жұмыс.*** ***Қайық ескегін мүсіндеу.*** *4. Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды.* ***Машина*** ***№4 карточкамен жұмыс.*** ***Машина туралы тақпақ айту.***	*көмек сұрап келіпті.* *-Кәне қонжықпен амандасайық.* *Қонжық:Балалар маған машинаның түрлері және олардың пайдасы туралы айтып беріңдерші?* ***Ой дамыту.*** *Қазір көліктердің түрлері өте көп оларды бірнеше топқа бөлуге болады мысалы:суда жүзетін, жерде жүретін,әуеде ұшатын және жер асты көліктері.* ***Жерде жүретін көліктерге:*** *Жеңіл көлік,велосипед, пойыз, автобус, троллейбус, жүк көлігі.* ***Әуеде ұшатын көлік түрлеріне:*** *Ұшақ,тік ұшақ,зымыран.* ***Суда жүзетін көлік түрлеріне:*** *Кеме,қайық жатады.* ***Сергіту сәті.*** ***Мәшине жүргізу.*** *Қолыңды қойда рөлге, Моторға қосыл гүілде. Дөңгелекке жел толтыр, Машинаға тез отыр. Басқышты басамыз, Жүреміз енді зулаймыз* ***Шығармашылық бұрыш.*** *Топқа бөлу. Қызыл, сары, жасыл текшелермен* ***Дид ойын:*** ***«Сиқырлы текше»*** ***Шарты:****Әр топтан бір бастаушы педагогтан текше алады, әр текшеде әр түрлі көлік түрлері бар, сол көлік түрлерін топ болып құрастыру, бояу, бөлігін жапсыру.* ***Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілдерін көрсету,***	*болғандықтан хатты оқи алмаймын.* ***Ой қозғау.*** *Балалар, қоянға көмектесеміз бе, хатта не жазылғанын оқып, қорапты ашып көрейік.* ***Хатты оқу.*** *«Сәлем менің қымбатты достарым!»* *Сендердің алдарында қорап жатыр,қарапайым емес, сиқырлы. Оны ашу үшін сиқырлы сөзді табу керек. Менің жұмбағымды шешу арқылы, сиқырлы сөз таба аласындар.* *Балалар, біз жұмбақты шешуіміз керек, сол кезде сиқырлы сандық ашылады, мұқият тыңдаңдар.* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *Төрт аяғы дөңгелек Қозғалады орнынан, Жүреді ол дөңгелеп, Жүйіткиді желменен, Дауысы бар гүрілдек.* ***Жауабы: Машина.*** *Тамаша қараңдаршы, сиқырлы сандық ашылды. Ал қорапта бірдеңе бар.* *Қоян: Ішінде не бар, көрейінші. Ішінде суреттің бөліктері жатыр. Қап, енді не істеуге болады?* *Қоян, көңілінді түсірме. Біз балалармен саған көмектесеміз. Біз барлық суреттерді жинап, не шыққанын көрсетеміз.* ***Дидактикалық ойын*** ***«Суреттерді жина»*** ***Шарты:*** *Қиынды суреттерді құрастыру.* *Суретте не бейнеленген?* *Балалар: Ұшақ. Дұрыс* *Сендер білесіндерме, ұшақ*	*Осы сөзде байқадым* *Қуат барын, күш барын* *«Жолың болсын!» - айтамын,* *Алыс жолға шықса кім.* ***Ой қозғау.*** *Өлең не туралы айтылған?* *Жолаушы деген кім?* *Алыс жолға адамдар немен шығады?* *Көлік дегеніміз не?* *Көліктің қандай түрлері бар?* *Көліктерге не жатады?* *Көліктердің қандай пайдасы бар?* *Балалар сендер қалай ойлайсыңдар көшеде жүру тәртібін не басқарады* ***Сергіту сәті.*** ***«Бағдаршам»*** *бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді.* ***Балаларды пішіндер арқылы орталыққа бөлу*** ***1- орталықтағы*** *балаларға Балаларға тапсырманы түсіндіру, жасалу жолдарын көрсету.* *өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.* ***2- орталықтағы*** *балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.* ***3-орталық*** *жол үстіне машина суретін*

